9-қосымша (анықтама) - ТШ 75 00 ҚР 38584618 - ЖШС - 01 – 2002 («ПЕНСА-АЛМАТЫ» ЖШС-і) полипропиленнен жасалған қысымды құбырлардың геометриялық өлшемдері

10-қосымша (анықтама) - ТШ 75 00 ҚР 38584618 - ЖШС - 02 – 2002 («ПЕНСА-АЛМАТЫ» ЖШС-і) поливинилхлоридтан жасалған канализациялық құбырлардың геометриялық өлшемдері

11-қосымша (анықтама) - ПЭ 80, ПЭ100 (Шеврон Мұнайгаз Инк.) жасалған полиэтилен құбырлардың параметрлері

12-қосымша (анықтама) - Сумен жабдықтауға арналған полиэтилен құбырлары («СПИРА - БЕРГА» ЖШС-і

13-қосымша (анықтама) - («СПИРА - БЕРГА» ЖШС-і) құбырларының жалғаулық бөлшектері

14-қосымша (анықтама) - ПОЛИМЕР МАТЕРИАЛДАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР (ЖАЛҒАУЛЫҚ БӨЛШЕКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ КІРІС БАҚЫЛАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АКТ

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы нұсқаудың талаптары полимер материалдарынан жасалған сумен жабдықтау және канализациялар құбырларының ішкі және сыртқы тораптарының салынып және қайта қалпына келтірілген жүйелерін жобалауға және жинақтауға қолданылады.

1.2 Осы нұсқау ішкі өртке қарсы сақтық су құбырын жобалауға; құбырлар үшін рұқсат етілген аралық шегінен кететін температурасы бар ортада, материалы химиялық төзімді емес ортада төселген құбырларға; температурасы рұқсат етілген аралық шегінен шығып кететін материалы химиялық төзімді емес түрпілі фракциялар, заттар тасымалдайтын құбырларға қолданылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нұсқауда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚНжЕ 2.04.01-85* - Ғимараттардың су өткізуі және канализациясы.

ҚР ҚНжЕ 4.01-02-2001 - Сумен жабдықтау. Сыртқы тораптар мен ғимараттар.

ҚНжЕ 2.04.03-85 - Канализация. Сыртқы тораптар мен имараттар.

ҚНжЕ 2.04.14-88* - Жабдықтар мен құбырларды жылудан оқшаулау.

ҚР ҚНжЕ 3.01-01-2002* - Қала құрылысы. Қалалық және селолық елді мекендерді жоспарлау және салу.

ҚНжЕ 3.05.01-85*- Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер.

ҚНжЕ 3.05.04-85* - Сумен жабдықтау және канализацияның сыртқы тораптары мен имараттары.

ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002 - Имараттар және ғимараттар, кәсіпорындар құрылысын ұйымдастыру.

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001-Құрылыста еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ҚНжЕ А. 2.2-1-2001 - Кәсіпорындар, имараттар мен ғимараттар құрылысына жобалық-сметалық құжаттамалар құрамы және жасау, келісу, бекіту туралы нұсқау.

МСТ 2430-62**- Өлшеу аспаптары. Қаріптер мен белгілер.

МСТ 8032-84 - Артық көрінетін сандар және артық көрінетін сандар қатары. Сүзетін өнеркәсіптік газтұмылдырық

МСТ 12.4.121-83* - Техникалық шарттар.

МСТ 18599-2001 - Полиэтиленнен жасалған қысымды құбырлар. Техникалық шарттар.

МСТ 22689.1-89 - МСТ 22689.2-89 - Полиэтиленді канализация құбырлары және оларға үлгілі бөлшектер.

ТШ 7500 ҚР 38584618 - ЖШС-02-2002. Полипропиленнен жасалған айналмалы қиылысатын қысымды құбырлар. Техникалық шарттар.

ТШ 7500 ҚР 38584618- ЖШС-02-2002. Поливинилхлоридтан жасалған канализациялық құбырлары. Техникалық шарттар.

3 АНЫҚТАМАЛАР

Осы нұсқауда тиісті анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

3.1 Полимер материалдары (полимерлер): Химиялық байланыстармен қосылған макромолекулалардан тұратын жоғары молекулалық қоспалар. Полимерлер иілімділік массаның (пластмассаның) негізін құрайды.

3.2 Пластмассалар: Қысым астында қыздырғанда берілген пішінді алуға және оны салқындатқан соң сақтауға қабілетті полимерлер негізіндегі материал. Құрамында толтырылғыштар, пластификаторлар, тұрақтандырғыштар, пигменттер және басқа да компоненттер болуы мүмкін. Полимерден бұйым жасағанда туатын айнарудың түріне байланысты ол мыналарға бөлінеді: термопластар (полиэтилен, полипропилен, поливинилхлорид және т. б.) мен реактопластар (фенопластар, фаопит, текстолит және эпоскид шайыры, полиэфир шайыры негізіндегі композициялар және т.б.). Пластмассалар, полимер (алюминопластар, этролдар), толтырғыш (шыны иілімдер, көмір иілімдер) типі бойынша және пайдалану сипаттамалары (антифрикционды, атмосфера, термо, отқа төзімді және т.б.). Пластмассалардың ең құнды қасиеттері - салмағының жеңілдігі, тығыздығының аздығы, жоғары электр-жылу айырушы сипаты, агрессивті орталардағы төзімділігі, жүктеудің әр түрлерінде - жоғары механикалық беріктігі.

3.3 Термопластар: Полимерлер негізгі қасиеттерін сақтай отырып қыздырғанда жұмсарып, ал суытқанда қатайтын қайтымды қабілетті болады. Термопластарды өңдеудің негізгі әдістері - қысым астында құю, экструзия вакуум және пневмокалыптау. Құбырлар және оның бөлшектерін дайындау үшін әр түрлі физика-механикалық қасиеттері бар термопластар қолданылады. Полимер материалдарында қажетті қасиеттерін қамтамасыз ету үшін оларға әр түрлі қосымшалар енгізеді - пластификаторлар (технологиялық және пайдалану қасиеттерін жақсарту үшін), тұрақтандырғыштар (жарық, температура және басқа факторлар әсер еткенде полимерлердің төзімділігін және ұзақ өмірлігін көтеру үшін), толтырғыштар (олардың беріктігін көбейту және диэлектр қасиеттерін жақсарту үшін), бояғыштар, антистатиктар және басқа да заттар.

3.4 Реактопластар: Полимерлер қатып қалған қалпынан қыздырған кезде иілімді күйіне келмейді. Жоғары температурада қыздырғанда олар бұзылып, жана бастайды. Реактопластарды өңдеудің негізгі әдістері – тығыздау және қысым астында құю.

3.5 Полиэтилен: Этилен полимеризациясының қатты өнімі - $[-CH_2-CH_2-]_n$. Ол өлшемі 3-5 мм түйіршік түрінде немесе ақ ұнтақ түрінде шығарылады. Тығыздығы $913-978 \text{ кг/м}^3$; $102-137^\circ\text{C}$ балқиды. Созылған жағдайда иілгіштігімен қатар жоғары беріктікке ие; сілтілер ерітінділеріне, тұз, еріткіш және органикалық қышқылдарға төзімді; хлор және фторға төзімсіз; 80°C жоғары көмірсутектерде, оның ішінде хлорланғандарында ериді. Радиоактивтік сәулелену әсеріне төзімді; физиологиялық зиянсыз.

3.6 Поливинилхлорид: Винилхлорид полимеризациясының қатты өнімі - $[-CH_2-CHCl-]_n$. Тығыздығы $1350-1430 \text{ кг/м}^3$; 110°C жоғары HCl бөліп ыдырайды. Дихлорэтанда, нитробензолда, тетрагидрофуранда, циклогексанонда ериді; ылғалға, қышқылдарға, сілтілер мен тұздар, спирт, бензин, майлайтын майлар ерітінділеріне төзімді. Поливинилхлоридқа 10% дейін пластификатор енгізгенде тоттануға тұрақты құбырлар өндірісінде пайдаланатын механикалық қасиеттерінің көрсеткіші жоғары (винипласт) қатты материал алынады. Поливинилхлоридтің кемшілігі - температураны көтергенде беріктігінің күрт төмендеуі, сондай-ақ, ұзақ күш түскенде сырғымалылығы.

3.7 Полипропилен: Пропилен полимеризациясының қатты өнімі - $[-CH(CH_3)CH_2-]_n$. Тығыздығы 905-920 кг/м³; 160-176⁰С балқиды. Органикалық ерітінділерде ерімейді, қайнап жатқан су және сілтілер ерітінділерінің әсеріне төзімді, бейорганикалық қышқылдарда бұзылады. Полипропиленге: жоғары соққы беріктік; қайта-қайта иіліске және майдалануға төзімділік, төмен бу және газ өткізгіштік; нашар термо және сәулеге төзімділік тән.

3.8 Тігілген полиэтилен: Молекулалық тізбектері көлденең көпіршелермен «тігіліп», нәтижесінде торлы құрылым пайда болған полиэтилен. Тігіс мақсаты полиэтиленнің жоғары пайдалану термо төзімділігін қалыптастыруға бағытталған. Тігістің арқасында бастапқы полиэтилен қасиеттері өзгереді - ұзақ беріктігі, химиялық тұрақтылығы, жарылуға төзімділігі, соққыға беріктігі және аязға төзімділігі артады. Тігілген полиэтилен кемшілігіне нашар пісірілуі жатады.

3.9 Хлорланған поливинилхлорид: Поливинилхлоридты ішін-ара хлорлау өнімі. Поливинилхлоридпен салыстырғанда органикалық ерітінділерде өте жақсы ериді, жылуға төзімдірек және агрессивті орталарда тұрақты.

3.10 Шыны пластиктар: Нығайтушы толықтырғыш ретінде маталар түріндегі (шыны текстолит) шыны талшықты материалдар, қысқа волоком (шыны волокнит), жіптер, ширақтар, шпондар, төсеніштері бар пластмассалар. Шыны иілімдерде байланыстырушы зат ретінде әдетте фенол формальдегид, полиэфир эпоксид полимерлері қызмет етеді. Олар жоғары механикалық беріктігімен, біршама төмен тығыздығымен және жылу өткізгіштігімен сипатталады.

3.11 Полиолефиндер: Олефиндердің (этилен, пропилен және т.б.) гомо-не сополимеризациялық өнімі, жалпы формуласы $[-CH_2C(RR')-]_n$, мұндағы R және R' - органикалы радикал, мысалы CH₃ (сонымен қатар, Полиэтилен, Полипропиленді қараңыз).

3.12 Ажырайтын қосылыс: Құрамындағы бөлшектері бүлінбей бөлшектене алатын бөлшектер қосылысы. Екі топқа бөлінеді: ось күшін қабылдамайтын қосылыстар және оларды қабылдауға қабілетті қосылыстар. Бірінші топқа тығыздағыш сақиналар пайдаланылатын кең қоныш қосылыстардың әр түрлі құрылымдары жатады. Екінші топқа тығыздағыш элементтен басқа ось күшін беруді қамтамасыз ететін қосымша бөлшектер кіретін қосылыстар: бұранда муфталары, жапқыш сомындар, фланецтер, бұрттар және т.б. жатады.

3.13 Ажырамайтын қосылыс: Тораптарды ажырату тек бекіткішті немесе бөлшектердің өздерін (пісірме, желім қосылыстары) бұзғанда ғана орындалуы мүмкін бөлшектер қосылысы.

3.14 Кең қонышты қосылыс: Құбырларды пісіріп қосу немесе бір құбырдың ұшы екінші құбырдың ұшына кіретін тығыздағыш элементтерді пайдаланып қосу.

3.15 Тіректер: Құбырларды жобалық жағдайда бекітуге және оның барлық ұзындығы бойымен көлденең қалпында да, тігінен де тіреуге арналған арнайы құрылғылар. Тіректер металдан не пластмассада қамыттар не қапсырма шегелер түрінде дайындалады. Тіректер атқаратын міндеті және құрылғысына қарай құбырлардың температуралық деформацияларда жылжуына бөгет жасамайтын қозғалмалы және құбырды қатты ұстап тұратын қозғалмайтын болып бөлінеді.

3.16 Теңгергіш: Құбырлар жүйелерінің күйі мен ісіне әр түрлі факторлар (температура, қысым, жай-күй, т.б.) әсерінің орнын толтыратын құрылғы.

3.17 Пластмассаларды пісіру: Пісірілетін бөлшектер арасындағы молекулааралық әрекеттестік арқылы құралымдар элементтерінің ажырамайтын қосылысын алатын технологиялық процесс.

3.18 Түйіскен жылылық пісіру: Қосылатын бөлшектердің қызуы алдын ала қыздырылған немесе пісіру барысында аспаппен қыздырылатын ұласу арқылы жүзеге асырылатын пісіру тәсілі.

3.19 Қорытумен пісіру: Қыздырылған аспап қосылатын беттермен тікелей түйісетін түйіскен жылылық пісіру.

3.20 Қыспақ пісіру: Көбінесе пісірілетін бөлшектердің қосылысы тоғысатын ұштарының бетінде қорытылатын түйіскен жылылық пісіру

3.21 Кең қоныш пісіруі: Нәтижесінде бөлшектің қорытылған бір ұшы қорытылған екіншісінің ұшына кіретін құбырларды не бөлшектерді пісіру.

3.22 Пісірілген: Пластмассаның не пластмассадан жасалған үйлесудің құрылым мен бұйымдарды пайдалануды қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес келетін пісірудің белгіленген технологиясында қосылыс жасау қасиеті.

3.23 Саңылау: Пісіруге құрастырылған бөлшектердің пісірілетін беттерінің арасындағы қашықтық.

3.24 Грат: Еріту және отыру процесінде түйісетін сығып шығарылған материал.

3.25 Қорыту: Қызған аспап пен бөлшекті қыздыру кезінде ұласу жерінде балқыма пайда болу процесі.

3.26 Шөгінді. Пісірілуші бөлшектердің қорытылған учаскелерінің оларды қысып сығу арқылы бірлескен пластикалық деформациялану процесі.

3.27 Қорытудағы қысым: Қыздырылған аспаптың қорытылмайтын бетпен ұласу жерінде аудан бірлігіне келетін күш.

3.28 Шөгінді кезіндегі қысым: Отыру барысында қосылатын бөлшектердің ұласу жерінде аудан бірлігіне келетін күш.

3.29 Қыздырылған аспап: Қосылатын беттерді қыздыратын аспап.

3.30 Орталықтағыш: Термопластардан жасалған құбырлардың айналма жіктерін құрастырғанда және пісіргенде құбырларды ортаға дәл келтіретін құрылғы.

3.31 Дорн: Бөлшектің ішкі бетін қорытуға арналған қолмен кең қоныш түйіскен жылылық пісірудің қыздырылған аспабының элементі.

3.32 Гильза: Бөлшектің сыртқы бетін қорытуға арналған қолмен кең қоныш түйіскен жылылық пісірудің қыздырылған аспабының элементі.

3.33 Адгезияға қарсы жабын: Пісіріліп жатқан материалды қыздырылған аспапқа жабысудан қақпайлайтын жабын.

3.34 Түржиын: Біртекті бұйымдардың әр түрлі түрлерінің пішіндері, өлшемдері және материалы туралы мәліметтер.

3.35 Орташа сыртқы диаметр d_{op} (мм): Құбырдың сыртқы периметрінің өлшенген мәнін $\pi=3,142$ мәніне бөлудің 0,1 мм дейін үлкен жағына қарай жинақталған бөліндісі (МСТ 18599).

3.36 Нақтылы сыртқы диаметр d_n (мм): Ең аз орташа сыртқы диаметрге тиісті өлшемнің шартты белгісі (МСТ 18599).

3.37 Қабырғаның нақтылы қалыңдығы e_n (мм): Құбыр қабырғасының ең аз мүмкін болатын қалыңдығына тиісті өлшемнің шартты белгісі, ол мына формуламен есептеліп, 0,1 мм дейін үлкен жағына қарай жинақталады (МСТ 18599).

$$e_n = \frac{d_n}{2S+1}, \quad (1)$$

мұндағы d_n - құбырдың нақтылы сыртқы диаметрі, мм;

S - құбыр сериясы.

3.38 Құбырлар сериясы S : Мына формула бойынша анықталатын мөлшерленген мәні (МСТ 18599).

$$S = \frac{\sigma}{MOP}, \quad (2)$$

мұндағы: δ - MRS/C, МПа тең құбырдың қабырғасындағы мүмкін кернеу;

MRS - минимальды ұзақ беріктік, МПа;

C - беріктік сақтығының коэффициенті;

MOP - максимальды жұмыс қысымы, МПа.

3.39 Минимальды ұзақ беріктік MRS (МПа): Құбырлар дайындауға қолданатын материалдардың қасиеттерін анықтайтын, төменгі сенімшілік аралығы 97,5 % құбырларды ішкі гидростатикалық қысымға тұрақтылығын сынау мәліметтерінен 20 °С температура 50 жыл мерзімінде қызмет жасау үшін экстраполяция арқылы алынған және МСТ 8032 бойынша R10 қатардың ең жақын төменгі мәніне дейін жинақталған кернеу. Пластификацияланбаған поливинилхлоридтан (ПВХ) жасалған құбырлар үшін $MRS=25\text{МПа}$.

3.40 Беріктік қорының коэффициенті C: Төменгі сенімді аралықта беріктік шамасымен есепке алынбаған пайдалану шарттарын және құбырлар компоненттерінің сипаттамаларын есепке алатын коэффициент. Материалдардың әр түрі үшін белгіленеді және ережелердің тиісті жинақтарында келтіріледі.

3.41 Стандартты өлшемдік қатынас SDR: Құбырдың нақтылы сыртқы диаметрі d_n мен қабырғаның нақтылы қалыңдығының e_n қатынасы. SDR мен S аралық қатынасы мына формула бойынша анықталады (МСТ 18599):

$$SDR=2S+1, \quad (3)$$

мұндағы S - құбыр сериясы

3.42 Қысым төмендеу коэффициенті C_1 : Тасымалданатын судың температурасына байланысты (3-қосымшаны қара) максимальды жұмыс қысымының MOP төмендеу коэффициенті.

3.43 Максимальды жұмыс қысымы MOP (МПа): Құбырдағы судың максимальды жұмыс қысымы, ол мына формула бойынша есептеледі (МСТ 18599):

$$MOP = \frac{2MRS}{C(SDR-1)} \cdot C_t \quad (4)$$

мұндағы: MRS - минимальды ұзақ беріктік, МПа;

C - беріктік қорының коэффициенті;

SDR - стандартты өлшемдік қатынас;

C_t - температураға байланысты қысым төмендеу коэффициенті.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы нұсқау ерекше қасиеттерге не полимер материалдарынан жасалған құбырлардың барлық түрлеріне жалпы талаптарды қосады. Полимер материалдарынан құбырлардың әр түрі үшін ерекше талаптар тиісті нормативтік құжаттарда келтірілген.

4.2 1.1-т. көрсетілген құбырлардың жүйелерін жобалағанда және құрастырғанда әрекеттегі мөлшерлік құжаттардың ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2001; ҚНЖЕ 2.04.03-85; ҚНЖЕ 2.04.01-85*; ҚНЖЕ 3.05.04-85*; ҚНЖЕ 3.05.01-85*; ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 және басқа стандарттардың, ҚР ҚНЖЕ 1.01-01-2001-ге сәйкес бекітілген техникалық шарттар мен ведомстволық мөлшерлік құжаттардың талаптары және тағы пластмассалы құбырлар мен үлгілі бөлшектерді өндірушілер мен жабдықтаушылардың ұсыныстары орындалу керек.

4.3 Құбырлар жүйелерін жобалау: құбырлар типін, жалғаулық бөлшектер мен арматураны таңдауға; гидравликалық есепті, гидростатикалық қысым мен сыртқы жүктер ықпалынан құбырды беріктікке және тұрақтылыққа есептеуді орындауға; төсеу тәсілін және құбыр материалдары мен қосулар кернеуі күшеюсіз құбыр ұзындығының жылылық өзгеруін теңгеруді қамтамасыз ететін жағдайлар таңдауға байланысты.

4.4 Құбырлар, сумен жабдықтау және канализация жүйелерінде қолданылатын полимер материалдарынан жасалған жалғаулық бөлшектер мен элементтер, тығыздағыш материалдар, майлау заттары, желімдер және т.б. ҚР сертификаттары не техникалық

куәліктері, ал шаруашылық-ауызсумен жабдықтау жүйелері үшін - жергілікті тазалық-эпидемиологиялық басқармасының берген гигиеналық қорытындысы болу керек.

4.5 Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың типін таңдағанда келесі факторларды есепке алу керек:

- құбырдың атқаратын міндеті;
- тасымалданатын және сыртқы химиялық ортаның құрамы және олардың концентрациясы;
- орташа ұласу ұзақтығы мен мерзімділігі;
- ішкі қысым және сыртқы күштер;
- жалғаулық бөлшектер, арматура және тығыздағыш материалдарының физика-механикалық қасиеттері;
- құбырлар мен жалғаулық бөлшектердің өлшемдері;
- құбырлар мен үлгілі бөлшектерді қосу әдісі;
- қызмет атқару мерзімі.

4.6 Құбырлар мен жалғаулық бөлшектерді өндіргенде қолданылатын кейбір полимер материалдарының негізгі физика-механикалық қасиеттері 1-қосымшада келтірілген.

4.7 Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың жіктеуі «SDR» көрсеткіші бойынша және «S» сериялары бойынша 2-қосымшада келтірілген.

4.8 Әр түрлі заттарды тасымалдау үшін құбырларды таңдау бойынша ұсыныстар 3-қосымшада келтірілген.

4.9 Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың және оларға үлгілі бөлшектердің түржиындары, сондай-ақ, құбырлардың геометриялық өлшемдері мен олардың параметрлері 7-13-қосымшаларда келтірілген. Қосымшаларда келтірілген түржиындар бойынша құбырлар мен үлгілі бөлшектерді таңдағанда қазіргі уақытта шығарылатын бұйымдар номенклатурасы туралы дайындаушы зауыттардың мәліметтерін пайдаланған жөн.

5 ІШКІ ҚҰБЫРЛАР ТОРАПТАРЫН ЖОБАЛАУ

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін құбырлар материалын таңдауды құбыр жүйелері құбырларының осы не басқа түрлерін жобалау және жинақтау ережелерінің жеке жинақтарын басшылыққа алып құбырлардың атқаратын міндетін және жұмыс жағдайларын, тасымалдайтын судың температурасын, сондай-ақ, құбырлардың қызмет істеу мерзімін есепке алып өндіру керек.

5.1.2 Шаруашылық және ауыз сумен жабдықтауға арналған полимер материалдарынан жасалған құбырлар мен жалғаулық бөлшектері таңбасында «Ауыз су» деген сөз болу керек.

5.1.3 Ыстық судың ішкі құбыры үшін арналған полимер материалдарынан жасалған қысым құбырлары және олардың қослыстары судың 75⁰С температурасының үздіксіз әсер ету жағдайларына және пайдалануға есеп мерзімі 25 жылдан кем емес деп есептелу керек.

5.2 Құбырларды қосу түрлері мен тәсілдері

5.2.1 Ішкі сумен жабдықтауға арналған қысым құбырлары полимер материалының түріне байланысты қосылу керек:

- кең қоныш пісіруде (полиэтиленді, полипропиленді, полибутенді және басқалары);
- кең қоныш желімде (поливинилхлоридті, әйнек-пластикалы, базальт-иілімді және басқалары);

- ажырайтын және ажырамайтын жалғаулық бөлшектер арқылы механикалық жолмен (металл-полимерлі, «тігілген» полиэтилен және басқалары) қосылу керек.

5.2.2 Пластмасса құбырларының, жалғаулық бөлшектердің және арматураның қосылу тәсілдері және оларды орналастыру орындары:

- құбырдың атқаратын міндетіне;
- материал қасиеттеріне;
- құбырлардың, жалғаулық бөлшектердің және арматураның түріне, номенклатурасы мен өлшемдеріне;
- жұмыс қысымына және тасымалданатын су температурасына;
- тасымалданатын заттың түрі мен қасиеттеріне;
- құбырдың мөлшерлік қызмет ету мерзіміне;
- құбырды төсеу тәсіліне және құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындау жағдайларына;
- қоршаған ортаның температурасына;
- тегістеу шешімдеріне байланысты жобамен белгіленеді.

5.2.3 Қосу түрін құбырдың герметикталығын және беріктігін пайдаланудың барлық жобаланған мерзімінде, сондай-ақ, құбырды құрастырғанда және жөндеу қажет болғанда технологиялығын қамтамасыз ету шарттарынан қабылдау керек.

5.2.4 Ажырайтын қосылыстар құбырға арматура орнататын және жабдыққа қосатын және де пайдалану барысында құбыр элементтерін бөлшектеуге мүмкіншілік болатын жерлерде қаралу керек.

5.2.5 Әр текті желімденбейтін және пісірілмейтін модификацияланған және композициялық полимер материалдарынан жасалған құбырларды қосу механикалық қосылыстар көмегімен жүзеге асырылады, олардың қолданылу құрылымы мен технологиясы нақтылы полимер материалы үшін өндірушілер мен жабдықтаушылар мәліметтері бойынша белгіленеді.

5.2.6 Қосылыстардың металл бөлшектері тоттануға төзімді материалдан дайындалу керек.

5.2.7 Қосылыстардың қызмет ету мерзімі құбырлардың қызмет ету мерзіміне сәйкес келу керек.

5.3 Құбырларды төсеу

5.3.1 Сумен жабдықтау құбырларын тарту құбырлар материалының физикалық (химиялық) және механикалық қасиеттерін және оларды қосу тәсілдері мен ҚНЖЕ 2.04.01-85* көрсетілген талаптарды есепке алып өндіріледі.

Құбырларды пісірумен құрастырғанда құбырлар төсеуінің дәстүрлі нұсқаларын қолдануға болады – айналмалы және тұйықты, құбырларды жүйенің жалғаулық бөлшектері көмегімен қосқанда коллекторлы тораптар қолданып, оларды тиек және реттеуші арматураны, құбырлар учаскелерін қосатын және су шығынының санын есептейтін аспаптар тораптарын орналастырып орындау ұсынылады.

5.3.2 Құбырлар әдеттегідей жасырын (шахталарда, штробтарда және т. б.) төселу керек. Құбырларды ашық төсеу су алатын, арматураға су жеткізетін жерлерде, сондай-ақ, олардың механикалық бүлінуін болдырмайтын жерлерде рұқсат етіледі.

Құбырларды үй асты қабатының бөлмелерінің аражабындарының астынан тек механикалық бүлінуден қорғау алдын-ала ескерілсе ғана жүргізуге болады.

Көлденеңінен төсегенде пластмассалы құбырлардан жасалған су жүргізетін желінің учаскелерін су әкететін құбырлардан жоғары төсеу керек. Агрессивті, уытты, иісі шығатын сұйықтықтарды тасымалдайтын су әкететін құбырдан жоғары төсеуге мүмкіндік болмай қалғанда су құбырын тек пісірілген не желімденген қосулармен жобалау керек.

5.3.3 Құбырларды жобалағанда құбырлардың теңгеру қабілетін толық пайдалану керек. Оған төсеудің ұтымды нұсқасын таңдау арқылы және құбырды учаскелерге бөлетін

қозғалмайтын тіректерді дұрыс орналастырумен жетуге болады, бұл жағдайда температуралық деформация бір-бірінен тәуелсіз болады және ол құбырдың теңелту элементтерімен қабылданады.

Тіректерді орналастыру келесі жүйелілікпен жүргізіледі:

- құбыр желісінде оның элементтерімен құбырлар ұзындығының температуралық өзгерістерін теңелтуді есепке алып қозғалмайтын тіректерді орналастыратын орындар белгіленеді;

- есеппен учаскелердің теңелту қабілеттілігі тексеріледі;

- жылжымалы және қозғалмайтын тіректер орналасуы белгіленеді.

Құбыр ұзындығының температуралық өзгерістері оның элементтерінің теңелту қабілетінің шамасынан асып кететін жағдайда, дағдыдағыдай қозғалмайтын тіректер аралығының ортасында қосымша теңелткіш орнату керек.

Тіректерді орналастырғанда құбыр өсіне перпендикулярлы жазықтықта құбырдың ауыспалылығы беттен қабырғаға дейінгі қашықтық пен шектелуін еске алу керек.

5.3.4 Тиек және су жинайтын арматурасында арматураны пайдаланғанда туатын күштер құбырларға берілмес үшін құрылыс құрылымдарында қозғалмайтын бекіткіш болу керек.

5.3.5 Полимер материалдарынан корпусы бар диаметрі 32 мм дейінгі тиек арматурасын құрылыс құрылымдарына бекіткішсіз орнатуға рұқсат етіледі.

5.3.6 Параллельді төселгенде және полимер материалдарынан жасалған түйісетін құбырлар және басқа материалдардан жасалған құбырлар, оның ішінде болат, арасындағы қашықтық нормативтік құжаттармен белгіленеді.

5.3.7 Кесінділер мен штробтардағы жасырын төсемдер олардың элементтерін механикалық бұзылусыз пластмасса құбырларының деформацияларын теңелту мүмкіншілігін қамтамасыз ету керек.

5.3.8 Құбырлардың фланцелі қосуларын құрастырғанда бұрандаларды біркелкі емес тарту арқылы қиғаштығын жоюға және сына төсемдері мен тығырықтар арқылы фланцелер аралығындағы саңылауларды жоюға рұқсат етілмейді.

5.3.9 Полимер материалдарынан жасалған құбырларды жасырын төсегенде кесінділер немесе каналдарда қатты үшкір шығыңқы жерлер болмау керек.

5.3.10 Бұрандалы қосындыларды құрастырғанда металл және пластмассалы құбырлар мен бөлшектердің біліктестігін сақтау керек.

5.4 Құбырлардың гидравликалық есебі

5.4.1 Тұтынушыға су беруге қажет қысымның шамасы $H_{құб.}$ мына формуламен анықталады:

$$H_{құб.} = \sum i_t l + \sum h_{ж.к.} + h_{геом.} + h_k \quad (5)$$

мұндағы: i_t - $t, ^\circ C$ су температурасында қысымның меншікті шығыны (құбырдың ұзындық бірлігінің қысым шығыны), м/м;

l - құбыр учаскесінің ұзындығы, м;

$h_{ж.к.}$ - қосулар түйістерінде және жергілікті кедергілерде қысымның шығыны, м;

$h_{геом.}$ - геометриялық биіктік (құбырдың есеп учаскесінің ең жоғары нүктесінің белгісі), м;

h_k - құбырдан төгудегі кедергісіз қысым, м (санитарлық-техникалық аспаптар үшін ҚНЖЕ 2.04.01-85* 2-қосымшасы бойынша алынады)

Ескерту - $\sum h_{ж.к.} - \sum i_t l$ 20-30% тең қабылдауға рұқсат етіледі.

5.4.2 Қосулар түйістеріндегі гидравликалық кедергіні есепке алмай ұзындық бірлігіне қысым шығындарын мына формула бойынша анықтау керек:

$$i_t = \frac{\lambda v^2}{2gd_p} \quad (6)$$

мұндағы: i_t - құбырдың ұзындығы бойынша гидравликалық кедергінің коэффициенті;

V - су жүрісінің орташа жылдамдығы, м/с;

g - кедергісіз құлау үдеуі, м/с²;

d_p - құбырдың есеп (ішкі) диаметрі, м.

Гидравликалық кедергінің коэффициентін λ мына формуламен анықтау керек:

$$\sqrt{\lambda} = \frac{0,5 \left[\frac{b}{2} + \frac{1,312(2-b)\lg(3,7dK_9)}{1gRe_\phi - 1} \right]}{1g(3,7d/K_9)} \quad (7)$$

мұндағы: B - су ағысы ережелерінің ұқсастық саны;

Re_ϕ - Рейнольдстың шын саны;

K_9 - баламалы кедір-бұдырлық коэффициенті, м;

ережелердің жеке жинақтарында келтіріледі, бірақ 0,00001 м кем емес,

Су ағысы ережелерінің ұқсастық саны мына формула бойынша анықталады:

$$b = 1 + \frac{1gRe_\phi}{1gRe_{KB}} \quad (8)$$

$b \leq 1$ болғанда (ағыстың ламинарлы ережесі) 6,7-формулалары жарамсыз; $b > 2$ болғанда

$b=2$ тең алу керек

Рейнольдстың ақиқат саны мына формула бойынша анықталады:

$$Re_\phi = \frac{Vd}{\nu} \quad (9)$$

мұндағы: ν - судың кинематикалық жабысқақтығы, м²/с.

Судың турбулентті жүрісінің гидравликалық кедергісінің шаршы аймағының басына тиісті Рейнольдс саны мына формуламен анықталады:

$$Re_{KB} = \frac{500d}{K_9} \quad (10)$$

5.4.3 Жоғарыда келтірілген формулалар бойынша ұйғарымды есептер үшін 4-қосымшада келтірілген номограммаларды пайдалануға болады.

1 және 2-суреттердегі номограммалар температурасы 10⁰С суды тасымалдағанда үйкеліске меншікті шығындарды анықтауға арналған.

3 және 4-суреттердегі номограммалар бойынша егер су температурасы 10⁰С айырмашылығы болса 1000 i_{10} шамасына түзету коэффициенті K_T анықталады.


5.5 Тіреулер мен бекіткіштер

5.5.1 Полимер материалдарынан жасалған құбырлар құрылыс құрылымдары арқылы өтетін жерлерде гильзаларға орап салу керек. Гильза ұзындығы құрылыс әрлеу материалдарының қалыңдығы құрылымдарының қалыңдығынан асу керек, ал еден бетінен 20 мм көтеріңкі болу керек.

5.5.2 Полимер материалдарынан жасалған құбырлар үшін өстік бағытта құбырлардың ауыспалылығына жол беретін жылжымалы тіреулер және мұндай ауыспалыққа жол бермейтін қозғалмайтын тіреулер қолданылады.

5.5.3 Құбырлардағы қозғалмайтын тіреулерді құбыр денесіне пісірілген не желімделген берік шығыршықтар арқылы, диаметрі 160 мм дейінгі құбырлар үшін - муфталар немесе диаметрі 160 мм артық құбырлар үшін - сегменттер көмегімен орындау керек.

Тіреулерді орналастыру сұлбалары 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Қозғалмайтын тіреулерді орналастыру мысалдары.

Құбырды қысу арқылы тіреуде жылжымайтын бекіткіш жасауға рұқсат етілмейді.


Жылжымалы тіреулер ретінде ішкі диаметрі құрастырылатын құбырдың сыртқы диаметрінен 1-3 мм (төсемді және жылу ұлғаюын есепке алғанда) артық металл не полимер материалынан жасалған аспалы тіреулер немесе қамыттар қолдану керек.

Құбыр мен металл қамыт аралығында жұмсақ материалдан жасалған төсем салу керек. Төсем ені қамыт енінен кем дегенде 2 мм артық болу керек.

5.5.4 Қозғалмайтын тіреулердің орналастыруын құбырлардың учаскелері ұзындығының температуралық өзгерістері олардың теңелту қабілетінен аспайтын етіп қабылдау керек.

5.5.5 Құбырларды құрылымдық түсінік бойынша есептік қашықтықта бекіткіштерді орнатуға мүмкіндік болмағанда жаппай негізге орнатуға рұқсат етіледі.

5.5.6 Көлденең құбырлардың бекітілмеген ұзындығы бұрылыстар және оларды аспаптарға, жабдықтарға, фланцелі қосылыс жерлерінде 0,5 м аспау керек (2-сурет).



2-сурет. Құбырларды шахталарда төсеу

5.5.7 Қабатаралық жабуларда және қабырғаларда штробтарда, коробтарды сынау бойынша барлық жұмыс аяқталған соң орындау керек.

5.6 Құбырлардың температуралық ұзаруын теңгерту

5.6.1 Жобалау және құрастыру кезінде құбыр ұзындығының едәуір температуралық өзгеруін есепке алу керек және оларды теңелту бойынша тиісті шаралар қолдану керек.

Құбыр ұзындығының температуралық өзгеру шамасын Δl мына формула бойынша анықтайды:

$$\Delta l = \alpha \Delta T L, \quad (11)$$

мұндағы: α - құбыр материалының жылылық ұзындық ұлғаюының коэффициенті, $^{\circ}\text{C}^{-1}$;

ΔT - құбырдың ең үлкен және ең аз температураларының аралық айырымы;

L - құбыр ұзындығы, м.

5.6.2 Температура өзгергенде құбырда пайда болатын бойлық күштер N_t температуралық деформацияны теңелтуді есепке алмай мына формула бойынша анықталады:

$$N_t = \alpha \Delta T E_0 F, \quad (12)$$

мұндағы: E_0 - құбыр материалының серпімділік модулі, МПа;

F - құбыр қабырғасының көлденең қимасының ауданы, м².

Температуралық кернеулерді учаскенің қай ұзындығы болса да құбырдың бекітілген учаскесінің қайсысы болса да есепке алу керек.

5.6.3 Құбырдың негізгі теңелтуші элементтері бұрыстар, ілмек тәрізді, П-тәрізді, сильфонды және теңелткіштердің басқа да түрлері болады.

5.6.4 90° бұрышпен бұрудың теңелтуші қабілеттілігі мына формуламен анықталады:

$$\Delta l_d = \frac{2[\sigma]}{3E_0 D} \cdot \frac{(l + r)^3 + 0,007r^3}{l + r} \quad (13)$$

мұндағы: Δl_d - температура әсерінен құбырдың ең үлкен мүмкін бойлай ауыспалылығы, ол бұрумен теңгерілуі мүмкін, м;

l_e - жылжымалы тірекке дейінгі құбырдың түзу учаскесінің бұруға жанасатын ұзындығы, м;


r - бұру иілісінің радиусы, м;

D - құбырдың сыртқы диаметрі, м;

$[\sigma]$ - есептік беріктік, МПа;

E_0 - серпімділік модулі, МПа.

Иілген бұғудың және теңелткіш сұлбалары 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Иілген бұғу және теңелткіш сұлбалары

а - иілген бұғу; б - П-тәрізді теңелткіш.

5.6.5 П-тәрізді теңелткіштің теңгергіштік қабілеті мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta l = \frac{[\sigma]}{0,25E_0 h D} (9,4r^3 + 14,9r^2 a + 7,8a^2 + 1,3a^3) \quad (14)$$

мұндағы: Δl - температура әсерінен құбырдың ең үлкен мүмкін бойлай ауыспалылығы, ол теңелткішпен қабылдануы мүмкін, м;

h - теңелткіш құлашы, м;

r - теңелткіш бұруларының иіліс радиусы, м;

a - теңелткіштің түзу учаскесінің ұзындығы, м;

D - құбырлардың сыртқы диаметрі, м;

$[\sigma]$ - ұзақ беріктік шартынан мүмкін кернеу, МПа.

5.6.6 Теңелткіш өсінен құбырдың қозғалмайтын тірегінің өсіне дейінгі максималды мүмкін қашықтық мына формула бойынша есептелуі керек:

$$L_{\text{ком}} = \frac{\Delta l}{2\alpha\Delta T} \quad (15)$$

5.6.7 Бұру құбырының осінен жылжымалы тірек қондырғысының (4-сурет) осіне дейінгі


қашықтық l мынаған тең қабылдану керек:

$$l = K\sqrt{\Delta l D}, \quad (16)$$

мұндағы K - құбырлардың полимер материалының беріктік және серпінді қасиеттерімен анықталатын коэффициент:

$$K = \sqrt{\frac{3E_0}{\sigma}}. \quad (17)$$

мұндағы σ - құбыр материалының есептік беріктігі, МПа.



4-сурет. Тіректерді орналастыру сұлбалары.
а - бұруда; б - үш тармақты тарамның

5.6.8 Қажет болған жағдайларда құбырлардың теңелткіш қабілеттілігін қосымша бұрулар, түсірулер және көтерулер енгізу арқылы арттыруға болады

5.6.9 Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың жылылық ұзындық ұзаруын теңелтуі оларды тіректе жылан түтік түрінде төсегенде бойлық иіліспен қамтамасыз етілуі мүмкін, оның ені температура құламасында құбырдың иілуіне мүмкіндік беру керек.

5.6.10 Құбырлардың Г-, Z-және П-тәрізді элементтерінің теңелткіш қабілеттілігін өсіру қажет болғанда құбырды жинақтағанда «созу» әдісін (алдын ала кернеу) қолданады.

5.7 Құбырлардың жылуоқшаулауы

5.7.1 Полимер құбырларынан жасалған ыстық су құбырларында (су бөлетін аспаптарға жеткізуден басқа) жылуоқшаулау болу керек.

5.7.2 Құбырлардың жылуоқшаулауын ҚНЖЕ 2.04.14-88*-ке сәйкес есеппен анықтайды. Материалдың жылу өткізгіштік коэффициенті 0,05 Вт/м⁰С артық болмау керек, бірақ сонымен жылылық айыру қалыңдығы 10 мм кем болмау керек.

6 ІШКІ КАНАЛИЗАЦИЯНЫ ЖӘНЕ СУАҒАРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ

6.1 Жалпы талаптар

6.1.1 Ғимараттардың ішкі канализациялық жүйелерін 75 °С төмен емес тұрақты температурасы бар және 90 °С кем емес температурасы бар 1 мин аз емес уақытша ағынды суларды тасымалдауға есептелген канализациялық құбырлардан жобалау керек.

6.1.2 Әр түрлі полимер материалдарынан жасалған құбырлардан және жалғаулық бөлшектерден су әкететін жүйелерді жобалауға рұқсат етілмейді.

6.1.3 Биіктігі 10 м дейінгі ғимараттар үшін ішкі суағар жүйелерін қысымы жоқ құбырлардан, биіктігі үлкен ғимараттарда қысымды құбырлардан орындауға рұқсат етіледі.

6.1.4 Полимер материалдарынан жасалған құбырлар әдеттегідей шахталарда, қораптарда, кесінділерде және т.с. жасырынды төселу керек.

Құбырлардың механикалық бүлінуі болатын жерлерде тек жасырынды төсеуді қолдану керек.

Өндірістік, қойма не қызмет бөлмелеріне жабдықталмаған ғимараттардың үй асты қабатында, ғимараттың шатыры астында және санитарлық тораптарында канализациялық және суағар құбырларын ашық төсеуге рұқсат етіледі.

6.1.5 Полимер материалдарынан жасалған құбырларды тазалау жерлеріне есіктер, алмалы-салмалы қалқандар, торлар және т.с. орнату арқылы жеңіл кіріс қамтамасыз етілу керек.

6.2 Құбырлар өлшемдері

6.2.1 Канализациялық құбырлардың және жалғаулық бөлшектердің диаметрлері сыртқы диаметрі бойынша бірыңғайлану керек: 32, 40, 50, 75, 90, 110 және 160 мм. Құбырлар мен жалғаулық бөлшектері қабырғаларының қалыңдығы полимер материалының түріне байланысты болады және тиісті нормативтік құжаттарда көрсетіледі.

6.3 Құбырларды қосу түрлері мен тәсілдері

6.3.1 Ішкі канализациялық жүйелерінің құбырлары тығыздағыш сақиналар пайдаланып кең қоныш қосулары арқылы, ал поливинилхлоридтан жасалған құбырлар үшін, сондай-ақ желіммен қосылады.

6.3.2 Фланцелі қосулар құбырлар шойын немесе болат құбырларына ауысу жерлерінде немесе жабдықтарға қосу үшін пайдаланылады.

6.3.3 Тік құбырлармен бұрып жіберетін құбырларды қосуды тығыздағыш сақинамен кең қонышпен өндіру керек. Тегіс құбырларды өзара қосқанда екі кең қоныш муфталар қолдануға рұқсат етіледі, сонымен муфталарды тіректерге бекіту керек.

6.3.4 Шойын бөлшектердің тегіс ұштарын (траптар шығуларын, суағар құйғыштарын және т.с.) полимер материалдарынан жасалған құбырлармен тығыздағыш сақиналары не манжеттері бар жалғаулық кең қоныш құбыршалар арқылы қосу керек.

6.3.5 Полимер материалдарынан жасалған канализациялық құбырлардың тегіс ұштарын диаметрі сондай шойын канализациялық құбырдың кең қонышымен қосуды арнайы тығыздағыш сақиналар немесе манжеттер қолданып өндіру керек.

6.4 Құбырларды төсеу

6.4.1 Қатынас шахталарда, штробтарда, каналдарда және қораптарда канализациялық тік құбырларды орнатқанда шахтаға, қораптарға және т.с. кіруді қамтамасыз ететін қоршау құрылымдары ҚНЖЕ 2.04.01-85*-ке сәйкес орындалу керек.

6.4.2 Аралық жабулар арқылы тік құбырлар өтетін жерлерді аралық жабудың барлық қалыңдығы бойынша цемент ерітіндісімен бекітуге рұқсат етіледі.

Аралық жабуда құбырлар төсегенде оларды саңылаусыз су айырушы материалмен орау керек.

6.4.3 Құбырлар құрылыс құрылымдарының бетіне тиісе жанаспау керек. Құбырлар мен құрылыс құрылымдарының аралық қашықтығы жарықпен 20 мм кем болмау керек.

6.4.4 Пісірме және желім қосуларын пайдаланғанда құбырлардың температуралық ұзаруын теңелту әдеттегі немесе теңелткіш (ұзартылған) кең қонышқа қондыратын тығыздағыш сақиналары бар кең қоныш қосулар көмегімен қамтамасыз етілу керек.

6.4.5 Санитарлық аспаптарды құрылыс құрылымдарына күштерді құбырларға бермей қатты және берік бекітуді ескеру керек.

6.5 Құбырлардың гидравликалық есебі

6.5.1 Канализациялық тік құбырдың диаметрі осы тік құбырға қосылған санитарлық-техникалық аспаптардың гидравликалық сұқпаларының олқылығына қарсы тұрақтылығы шартына байланысты судың есепті шығынын өткізуге есептеледі. Сонымен тік құбырда пайда болатын сирету шамасы гидравликалық қақпалардың ең кіші биіктігінен аспау керек.

Барлық бұрып канализациялық құбырларды ағудың есептік шығынында олар қысым тәртібінде жұмыс істейді деп есептеу керек.

Суағар тік құбырлар мен қосулар тік құбыр биіктігіне тең су қысымында герметикалық жабулы және ластанғанда, лық толғанда берік болу керек.

6.5.2 Желдетілетін және желдетілмейтін канализациялық тік құбырларды сиретудің мүмкін шамасы $0,9 h_k$ аспау керек, мұндағы h_k - канализациялық тік құбырға қосылған санитарлық-техникалық аспаптардың гидравликалық сұқпаларының ең кішісінің биіктігі.

6.5.3 Желдетілетін канализациялық тік құбырдағы сирету шамасын мына формула бойынша анықтау керек:

$$\Delta p = \frac{366 \left[\frac{q_s}{(1 + \cos \alpha_0) D_{CT}^2} \right]^{1,677}}{\left(\frac{D_{CT}}{d_{OTB}} \right)^{0,71} \left(\frac{90 D_{CT}}{L_{CT}} \right)^{0,5}} \quad (18)$$

мұндағы: Δp - тік құбырдағы сирету шамасы, су бағ. мм;

q_s - суағарлардың есепті шығыны, м³/с;

α_0 - тік құбырға қабаттардағы су бұрғыштардың қосылу бұрышы, град.;

$D_{m.k}$ - тік құбырдың (ішкі) диаметрі, м;

$d_{c.б.}$ - қабаттардағы су бұрғыштың диаметрі, м;

$L_{т.к}$ - тік құбырдың жұмыс биіктігі, м.

Ескерту - $90 D_{m.k} > L_{т.к}$ болғанда, $90 D_{m.k} = L_{т.к}$ тең қабылдау керек.

6.5.4 Желдетілмейтін канализациялық тік құбырдағы сирету шамасын мына формула бойынша анықтау керек:

$$\Delta p = 0,31 V_{CM}^{4,3}, \quad (19)$$

мұндағы: $V_{КОС}$ - су-ауа қоспасының шапшаңдығы, м/с, ол мына формуламен анықталады:

$$V_{CM} = \frac{Q_a + q_s}{\omega}, \quad (20)$$

мұндағы: Q_a - ағыспен жоғарыдан төмен жүретін тік құбырға тартылатын ауа шығыны, м³/с, ол мына формуламен анықталады:

$$Q_B = \frac{13,8 q_s^{0,333} D_{CT}^{1,75} \left(\frac{D}{d_{OTB}} \right)^{0,12}}{\left(\frac{90 D_{CT}}{L} \right)^{0,5} (1 + \cos \alpha_0)^{0,177}}. \quad (21)$$

ω - тік құбыр қимасының ауданы, м².

Ескерту - $90 D_{m,K} > L_{T,K}$ болғанда, $90 D_{m,K} = L_{T,K}$ тең қабылдау керек.

6.5.5 Өздігінен ағатын құбырдың еңісін мына формула бойынша анықтау керек:

$$i_s = \frac{\lambda_s V^{b_s}}{2g4R_s}, \quad (22)$$

мұндағы: λ_s - құбырдың (каналдың) гидравликалық кедергісінің коэффициенті;

V - сұйықтық ағысының орташа шапшаңдығы, м/с;

q - ерікті түсу үдеуі, м/с²;

R_s - тасқынның гидравликалық радиусы, м;

b_s - сұйықтықтың турбулентті ағысының тәртібін сипаттайтын дәрежесінің өлшеусіз көрсеткіші - өткінші ($b_s < 2$) немесе квадрат ($b_s = 2$).

$b_s > 2$ болғанда $b_s = 2$ тең қабылдау керек.

$$\lambda_s = 0,2 \left(\frac{K_s}{4R_s} \right)^a, \quad (23)$$

мұндағы: K_s - баламалы кедір-бұдырлық коэффициенті, м, ережелердің жеке жинақтарында келтіріледі, бірақ 0,00001 м кем емес;

a - K_s тәуелді дәреженің эмпиризм көрсеткіші:

$$a = 0,3124 K_s^{0,0516}; \quad (24)$$

$$b_s = 3 - \frac{\lg Re_{Ks}}{\lg Re_\phi} \quad (25)$$

Рейнольдс саны Re_{Ks} мына формуламен анықталады:

$$Re_{Ks} = \frac{500 \cdot 4R_s}{K_s} \quad (26)$$

Рейнольдс саны Re_ϕ мына формуламен анықталады:

$$Re_\phi = \frac{V \cdot 4R_s}{\nu}, \quad (27)$$

мұндағы ν - сұйықтықтың кинематикалық жабысқақтығының коэффициенті, м²/с. Күнделікті ағыстар үшін $\nu = 1,49 \cdot 10^{-6}$ м²/с қабылдау керек.

Ескерту - Құбыр (канал) толық толмағанда сұйықтық ағысының орташа жылдамдылығы тең:

$$V_H = V_n \left(\frac{R_{SH}}{R_{Sn}} \right)^{\frac{1+a}{b_s}} \quad (28)$$

мұндағы: V_n - құбыр толық толғанда сұйықтық ағысының орташа жылдамдылығы, м/с;

R_{SH}, R_{Sn} - құбырдың толық емес және толық толғандағы гидравликалық радиустары, м.

6.5.6 Сұйықтық шығыны q_s тең :

$$q_s = V_H \cdot \omega, \quad (29)$$

мұндағы: ω - құбырдың осы толғанындағы сұйықтық тасқынының нақтылы қимасы, m^2 , ол мынаған тең $\omega = K_w \cdot d^2$.

h_s/d , R_s , R_{sH}/R_{sn} , K_w мәндері 1-кестеде келтірілген.

1 - кесте

Құбырды толтыру, h_s/d	Гидравликалық радиустың мәні, R_s	Гидравликалық радиустардың қатынасы, R_{sH}/R_{sn}	K_w
0,1	0,0635	0,2540	0,0409
0,2	0,1206	0,4824	0,1118
0,3	0,1709	0,6836	0,1982
0,4	0,2142	0,8568	0,2934
0,5	0,2500	1,0000	0,3927
0,6	0,2776	1,1104	0,4920
0,7	0,2962	1,1848	0,5872
0,8	0,3042	1,2168	0,6736
0,9	0,2980	1,1920	0,7445
1,0	0,2500	1,0000	0,7854

6.5.6 Қысымсыз құбырдың диаметрін оның толуына және ағатын сұйықтық шығынына байланысты 5-қосымшаның номограммасы бойынша анықтау керек.

6.6 Тіректер мен бекіткіштер

6.6.1 Канализациялық және ішкі суағар құбырларды жобада көрсетілген жерлерде келесі талаптарды сақтап бекіту керек:

- бекіткіштер теңелткіштер ретінде пайдаланатын қосулар жағына құбырлар ұзарғанда пайда болатын күштерді бағыттау керек;
- бекіткіштерді құбырлардың кең қоныштар жанында орналастыру керек;
- бекіткіштер құбырлардың еңісін және бөлшектердің біліктестігін қамтамасыз ету керек;
- құбырдың тегіс ұштарында орнатылған бекіткіштер құбырдың есепті температуралық ұзаруларына жол беру керек;
- диаметрі 50 мм дейін және сақиналардағы қосулары бар 110 мм дейін құбырлар үшін бекіткіштер аралығындағы қашықтық құбыр материалына байланысты тиісті ережелер жинағы бойынша қабылдану керек;
- жалғаулық бөлшектерде бекіткіштер орнатқанда температуралық ұзаруды теңелту үшін қашықтық ескеру керек. Жалғаулық бөлшектерде бекіткіштерді орнатуға мүмкіндік болмағанда көршілес бөлшектер жалғаулық бөлшектің ұзаруын қамтамасыз ететін қашықтықта қамыттармен бекітіледі.

6.6.2 Құбырдың вертикаль учаскелерінде кең қоныш астында, унитаздар мен басқыштарды тармаққа бекіту үшін пайданылатын құбыршақтар үстіне орнатылатын бекіткіштер болу керек. Гидросұқпапардан су бұратын құбырларда бекіткіштер орнатылмайды.

6.6.3 Құбырларды төсеу және бекіткіштерді орналастыру алдында санитарлық аспаптарды, суағар құйғыштарды және басқа да ағатын су қабылдағыштарды құрылыс құрылымдарына берік бекіту керек. Металл жалғаулық құбырлардың фланцелі қосуларын құрастырғанда бұрандаларды біркелкі емес тарту арқылы фланцелер қиғаштануын жоюға және сына төсемдері мен тығырықтар көмегімен фланцелер аралықтарындағы саңылауларды жоюға рұқсат етілмейді.

6.6.5 Кесінділер не каналдардың ішкі беттерінде полимер материалдарынан жасалған құбырларды жасырынды төсегенде қатты өткір шығыңқылар болмау керек.

6.6.6 Оймалы қосуларды құрастырғанда металл және пластмасса бөлшектерінің біліктестігі сақталу керек.

Бөлшек оймасының беті тегіс, таза және қабыршақтану болмау керек.

7 СЫРТҚЫ ҚҰБЫРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Сумен жабдықтаудың сыртқы жүйелері үшін полимер материалдарынан жасалған қысымды құбырлар таңдау құрылыс және пайдалану кезінде құбырдың жұмыс жағдайларын және тағы техника-экономикалық бағалауын еске алып өндіріледі.

7.1.2 Құбырлар есеппен таңдап алынады, сонымен сыртқы құбыр үшін дағдыдағыдай ПЭ80, ПЭ100 құбырларды қабылдау керек.

7.2 Құбырлады жіктеу

7.2.1 Құбырлардың геометриялық өлшемдеріне және олардың параметрлеріне қойылатын талаптар осы нұсқаудың 4.7-т., 4.9-т. көрсетілген.

7.2.2 Құбырлар не бухта кесіндісінің ұзындығы дайындаушы құжаттамаларында көрсетіледі.

7.3 Құбырларды қосу түрлері мен тәсілдері

7.3.1 Полимер материалдарынан жасалған құбырларды қосу үшін әдеттегідей полимер материалдарынан жасалған жалғаулық бөлшектеді пайдалану керек. Металдан жасалған арнайы жалғаулық бөлшектерді қолдануға рұқсат етіледі.

7.3.2 Полиолефиндерден жасалған құбырларды қосу үшін пісіру әдісін қолдану керек. Поливинилхлоридтан, әйнек иілімдерден және базальт иілімдерден жасалған құбырларды пішінді резеңке сақинамен тығыздалған кең қоныш қосылыстармен немесе желіммен қосу керек.

7.3.3 Арматура мен металл құбырларына полимер материалдарынан жасалған құбырларды қосу үшін пластмассаның бұртты төлкелерді және еркін металл фланецтерді немесе пластмасса-металлдан жасалған ажырамайтын қосылыстарды қолдану керек.

7.4 Құбырларды төсеу

7.4.1 Құбырды тарту ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2001-ге сәйкес төсеу тәсілін есепке алып - топырақта, коллекторларда, өтпейтін арналарда немесе жергілікті жағдайлармен және экономикалық есеп нәтижелерімен анықталатын жаңғыртылатын құбырларда қамтамасыз етілу керек.

7.4.2 Жаңа құрылыста жоғары бағаны құбырды топырақта төсеуге беру керек.

7.4.3 Минимальды радиуспен құбырды бұғу арқылы трассаны бұру мүмкіндігін пайдалану керек

$$r = \frac{E_0 D}{2\sigma_{PT}}, \quad (30)$$

мұндағы: E_0 - созғанда полимердің серпімділік модулі, МПа;

D - құбырдың сыртқы диаметрі, мм;

σ_{PT} - созғанда құбыр материалының есептік беріктігі (аққыштық шегі), МПа.

7.4.4 Егер кең қоныш қосылыс құрылымы мүмкіндік берсе, трассаны бұруды, сонымен қатар, сақинамен тығыздалған кең қоныш қосумен бір құбыр өсі екіншісінен 2⁰ дейін ауытқу арқылы жүзеге асыруға болады,

7.4.5 Резеңке сақиналарда кең қоныш қосулары бар құбырларды құрастырғанда бұрылыс, тармақ жерлерінде және тұйық учаскелерде тіреуштер құруды ескеру керек.

7.4.6 ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2001-ге сәйкес құбыр үстіне дейін су құбырының ең аз тереңдігі кем дегенде 0,5 м аз емес осы жердің топырақ қататын тереңдігінен асу керек.

Құбыр салу тереңдігін тек құрылымы ылғал сіңірмейтін өсі жылылық сақтайтын құрылым қолданғанда ғана азайтуға рұқсат етіледі.

7.4.7 Су құбырының ең аз тереңдігі (суаратын су құбырынан басқа) дағдыдағыдай 1 м кем болмау керек.

7.4.8 Су құбырының басқа коммуникациялармен және тағы автомобиль мен темір жолдарымен түйіскен жерлерін ҚР ҚНЖЕ 4.01-0-2001-дің талаптарына сәйкес орындау керек.

7.4.9 Қашықтығы 0,4 м кем (жарықпен тігі бойынша) канализациялық құбырларымен айқасқан жерлерде полимер материалдарынан жасалған су құбырлары қаптамамен жобалану керек. Қаптама шетінен айқасатын құбырға дейінгі қашықтық екі жағына 5 м кем болмау керек.

7.4.10 Пластмасса құбырларының басқа материалдарынан жасалған құбырлармен қосылуын ажырайтын қосылыстарда жасау керек. Жер астында салғанда мұндай қосуларды құдықтарда орналастыру керек.

7.4.11 Ғимараттар қабырғаларымен пластмасса құбырларының түйіскен жерлерін қаптамалармен ескеру керек. Қаптама мен құбыр аралығындағы саңылау қаптама ішіне ылғал тиюден қорғайтын иілімді материалдармен бітеледі.

7.4.12 Құбырларды тоннельдерде салғанда (коммуникациялық коллекторларда) ҚНЖЕ 3.01-01-2002*-нің талаптарын орындау керек, сонымен электр кабельдері мен сымдары полимер материалдарынан жасалған құбырлардан жоғары төселу керек және құрылымды бөліну керек.

7.4.13 Арматураны құдық, тунель не канал қабырғалары мен түптеріне бекітуді анкерлі бұрандамалар не қамыттар арқылы өндіру керек, немесе бетонмен бітеп тастау керек.

7.4.14 Құбырлардың құдық қабырғалары не ғимараттар іргетастарымен түйіскен жерлерін болат не пластмасса қаптамаларымен ескеру керек. Қаптама мен құбыр аралығындағы саңылау су өткізбейтін иілімді материалмен бітелу керек.

7.5 Құбырлардың беріктігін есептеу

7.5.1 Құбырларды беріктікке есептеуді анықтама әдебиетінде келтірілген әр түрлі әдістемелер бойынша есептеуге болады. Олардың біреуі 6-қосымшада келтірілген.

7.6 Құбырлардың гидравликалық есебі

7.6.1 Сумен жабдықтау жүйелерінің 5.4.-тармақта баяндалған гидравликалық есебін, сонымен қатар, сумен жабдықтаудың сыртқы жүйелері үшін де қолдануға болады.

7.7 Құбырлардың температуралық ұзаруын теңгеру

7.7.1 Резеңке сақиналармен тығыздалатын кең қоныш қосылысты құбырлардан жасалған суық су жерасты құбырларының температуралық ұзаруын теңгеру кең қоныштарда орындалады.

7.7.2 Топырақта салынатын пісірме не басқа да ажырамайтын қосылыстардағы жерасты су құбырлары үшін құбырлар топырақпен қысып ұсталғанын есепке алсақ

әдеттегідей арнайы теңгеру қажет емес. Арналарда салғанда 5.6-тармаққа сәйкес ұзаруды теңгеруге есеп жасау керек.

8 СЫРТҚЫ КАНАЛИЗАЦИЯ, СУАҒАРЛАРДЫ ЖӘНЕ ДРЕНАЖДАРДЫ ЖОБАЛАУ

8.1 Жалпы талаптар

8.1.1 Құбырларды таңдауды су ағуларының құрамын, олардың температурасын есепке алып, гидравликалық және беріктік есептерінің негізінде өндіру керек.

8.1.2 Өздігінен ағатын канализация үшін канализациялық түржиын құбырларын пайдалану керек. Қысымды құбырларды қолдану негізді болу керек.

8.2 Құбырларды жіктеу

8.2.1 Қысымсыз канализация үшін тегіс құбырлар (орап дайындалған әйнек және базальт иілімдерден жасалған құбырлардан басқалары) сыртқы диаметрлері бойынша үйлестірілген

Қабығының айналма қаттылығы бойынша құбырлар кластарға бөлінеді: қатты емес, жартылай қатты және қатты. Құбырлар класы 2-қосымшада келтірілген.

8.3 Құбырларды қосу түрлері мен тәсілдері

8.3.1 Өздігінен канализация құбырларда ажырайтын және ажырамайтын қосылыстарды алдын-ала ескеру керек.

8.3.2 Ажырайтын қосылыс ретінде әр түрлі пішінді сақиналармен тығыздалатын кең қоныш қосылыстарды пайдаланған жөн.

8.3.3 Құбырлар қосуларының негізгі түрлері мен тәсілдері 6.3 тармақта келтірілген.

8.3.4 Канализация қысымды құбырлары үшін көбінесе ажырамайтын қосылыстар-желімдеу және пісіруді пайдалану керек.

8.3.5 Қысымды канализациялық құбырларда ажырайтын қосулар (фланцелі және т.б.) дағдыдағыдай құбырларды жабдықтармен қосу үшін пайданылады.

8.4 Құбырларды төсеу

8.4.1 Сыртқы су әкетуді тарту ҚНЖЕ 2.04.03-85 талаптарын есепке алып орындалу керек.

8.4.2 Өздігінен ағатын канализация құбырлары тек тура сызықты болу керек. Құбырдың диаметрі және оның бағыты өзгеруі тек құдықтарда ғана мүмкін.

8.4.3 Канализацияның қысымды жүйелері 7-тармаққа сәйкес жасалады.

8.5 Құбырлар беріктігін есептеу

8.5.1 Өздігінен ағатын құбырларды беріктікке есептеуді 6-қосымшада келтірілген әдістеме бойынша өндіру керек.

8.6 Құбырлардың гидравликалық есебі

8.6.1 Канализация өздігінен ағатын жерасты құбырларының гидравликалық есебі 5.4. тармақта келтірілген формулалар бойынша өндіріледі.

8.7 Құбырлардың температуралық ұзаруын теңгеру

8.7.1 Қысымды канализация құбырлардың температуралық ұзаруын теңгеру қажеттілігі топырақтың қысып ұстау әсерін есепке алып осы нұсқаудың 5.6-тармағына сәйкес есеппен белгіленеді.

Топырақпен құбырды қысып ұстағанда құбырдың ұзаруы азаяды.

Азаю шамасы $\Delta l_{аз}$ мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta l_{у\text{м}} = L^2 \frac{K_y f_T \gamma H}{E_{сж} S} \quad (31)$$

мұндағы f_T - тәжірибе жолымен анықталатын топыраққа материал үйкелісінің коэффициенті; басқа мәліметтер болмаған жағдайда шамамен 0,4 тең алуға болады;

V - топырақтың көлемдік салмағы, Н/м³;

H - құбырды салу тереңдігі, м;

L - құбыр ұзындығы, м;

$E_{қыс}$ - деформация бағытындағы материал серпімділігінің модулі, Па;

S - құбыр қабырғасының қалыңдығы, м.

K_T - топырақ тығыздауының коэффициенті, тығыздау дәрежесі 0,95 болғанда 1-ге тең деп алынады және орды көмгенде тығыздау дәрежесі бақыланағанда - 0,5.

8.7.2 Өздігінен ағатын канализациялық құбырларда температуралық деформацияның тең теңгерілуі:

- сақиналармен тығыздалатын кең қоныш қосулармен;

- жарым-жартылай канализациялық құдықтарда құдық қабырғасы арқылы өткел құру және науа толтыру жолымен қамтамасыз етіледі.

8.8 Канализация жүйелерінің құдықтары

8.8.1 Канализация жүйелері үшін полимер материалдарынан жасалған (ПЭ, ПВХ және басқалары) канализациялық, су ағатын және су қабылдайтын, қиыстырылған (полимер материалдарынан жасалған элементтер темірбетон элементтерімен үйлестірілген) темірбетон және кірпіш құдықтар. Құдық өлшемдері ҚНЖЕ 2.04.03-85-те көрсетілгендерге сәйкес келуі керек.

8.8.2 Полимер материалдарынан жасалған құдықтарды темірбетоннан жасалған қорғаныш тақтамен және металдан жасалған қақпақтың дәстүрлі элементтерімен бірге қолдану керек.

8.8.3 Полимер материалдарынан жасалған құдықтардың науа бөлігінде полимер материалдарынан жасалған дайын науалар және тағы құбырларды қосу үшін шығып тұратын құбыршалар болуы керек.

9 ҚҰБЫРЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ

9.1 Жалпы нұсқаулар

9.1.1 Полимер материалдарынан жасалған құбырларды қолданып құбырлар салғанда құрылыстың қажетті сапасын қамтамасыз ету үшін:

- жинақтаушылар мен пісірушілер мамандығын тексеруді;
- қолданатын құбырлар, жалғаулық бөлшектер мен арматураның кіріс бақылауын;
- пісіру құрылғылары мен қолданатын құрал-сайманның техникалық байқауын;
- құрастыру және пісіру тәртіптерінің сапасын жүйелі операциялық бақылауды;
- пісірме қосуларының сапасын көзбен шолып және олардың геометриялық параметрлерін бақылауды;
- пісірме және басқа қосуларды механикалық сынауды өндіру керек.

9.1.2 Пісірме және жалғаулық бөлшектердің сапасын бақылауды, құбырлардың кіріс бақылауын және т.б. 9.2; 9.3; 9.4-тармақтарда көрсетілген талаптарға сәйкес өндіру керек.

9.2 Құбырлар мен жалғаулық бөлшектер сапасының кіріс бақылауы

9.2.1 Құбырлар мен жалғаулық бөлшектер сапасының кіріс бақылауы полимер материалдарынан жасалған құбырларды құрастыру бойынша жұмыс орындауға рұқсат алған құрылыс-құрастыру ұйымымен жүзеге асырылады.

9.2.2 Кіріс бақылауға келесі операциялар кіреді:

- буып-түюдің бүтіндігін тексеру;
- құбырлар мен жалғаулық бөлшектердің таңбалануларының техникалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру;
- құбырлар мен жалғаулық бөлшектердің сыртқы бетін және жалғаулық бөлшектердің ішкі бетін қарау;
- құбырлардың сыртқы және ішкі диаметрлерін және қабырғалар қалыңдығын өлшеу және қажеттіліктермен салыстыру. Өлшеулерді екіден кем емес өзара перпендикуляр параметрлер бойынша өндіру керек. Өлшеулер нәтижелері құбырлар мен жалғаулық бөлшектердің техникалық құжаттамасында көрсетілген шамаларға сәйкес келу керек. Құбырлар мен жалғаулық бөлшектер ұштарының мүмкін ауытқуларының шегінен шығатын сопақшылыққа жол берілмейді.

9.2.3 Шетелдерден жеткізілетін барлық құбырлар мен жалғаулық бөлшектерде техникалық куәлік болу керек.

9.2.4 Құрылыс үшін технологиялық ақаулары, сызаттары және стандартта не техникалық шарттарда қаралған шектерден артық ауытқулары бар құбырлар мен жалғаулық бөлшектерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

Кіріс бақылаудың нәтижелері 14-қосымшада келтірілген форма бойынша актімен толтырылады.

9.3 Құрастыру сапасын және пісіру ережелерін операциялық бақылау

9.3.1 Операциялық бақылауда мыналар қаралу керек:

- пісіру жұмыстарының тиісті дайындығын тексеруі, құбырлар мен үлгілі бөлшектердің беттерін ластанудан, ылғалдан және т.б. тазалауы;
- пісіру технологиясының бақылауы (қыздырғыш температурасы, бөлшектерді қыздыру ұзақтығы және т.б.).

9.4 Пісірме қосуларының сапасын көзбен бақылау және олардың геометриялық параметрлерін бақылау

9.4.1 Сыртқы қарауға:

- қосудағы қиғаштануларын;
- пісірілетін бөлшектердің қабырға материалының қызып кетуін;
- пісірілген бөлшектер аралығындағы пісірілмеген жерлерді;
- жеткіліксіз немесе тым едәуір білікті және тағы оның периметрі бойынша симметриялықты және біркелкі еместігін (түйіс пісірумен алынған қосуларда) табу үшін барлық пісірілген түйістер жатады.

9.4.2 Пісірме қосылыстардың сыртқы түрі келесі талаптарға сәйкес болу керек:

- құбыр мен үлгілі бөлшектің осьтік сызықтары аралығындағы бұрыштар шамасының ауытқуы түйіс жерінде 10⁰С аспау керек;
- құбырлармен пісірілген үлгілі бөлшектер кең қоныштарының сыртқы беттерінде жарықтар, бүрмелер немесе бөлшектерді артық қыздырудан пайда болған басқа да ақаулар болмау керек;
- құбырмен пісірілген үлгілі бөлшек кең қонышының жиегінде кең қоныштың шетжақ бетінен және құбырдың сыртқы бетінен сәл ғана шығып тұратын қорытылған материалдың жаппай білігі (барлық периметр бойынша) көріну керек;

- пісірілген жіктің сыртқы білігі симметриялы және ені мен құбырдың барлық периметрі бойынша біркелкі бөлінген болу керек.

9.5 Полимер метериалдарынан жасалған құбырларды пісіру және желімдеу

9.5.1 Полиолефиндерден жасалған құбырлар мен бөлшектердің қосылыстары ұласқан түйіс пісіру арқылы, кең қонышты немесе салма қыздырғыш элементтері бар жалғаулық бөлшектермен орындалу керек.

9.5.2 Түйіскен пісіру құбырларды өзара және сыртқы диаметрі 50 мм артық және қабырға қалыңдығы 4 мм астам (5-сурет) жалғаулық бөлшектерді қосу үшін ұсынылады.

Кең қонышты пісіру сыртқы диаметрі 110 мм дейін және қай қалыңдықты қабырға болса да құбырлар үшін ұсынылады.

Пісіргенде құбырлар мен жалғаулық бөлшектерді жеткізу партиясы бойынша таңдау керек. Әр түрлі полимер материалдарынан жасалған құбырлар мен бөлшектерді пісіруге рұқсат етілмейді.

Түйіс пісіруінде қырлардың дәл келмеуінің ең үлкен шамасы құбыр қабырғасының нақтылы қалыңдығының 10 % аспау керек.


Жалғаулық бөлшектер кең қонышының ішкі диаметрі пісірілетін құбырдың нақтылы сыртқы диаметрінің шегінен аз болу керек.

9.5.3 Түйіскен пісіруде пісірілетін беттер тікелей қыздыру алдында пайда болуы мүмкін ластану және тотық қабыршағын алу үшін механикалық өңдеуден өту керек. Механикалық өңдеуден өткен соң орталаушы тетік көмегімен түйістірілген құбырлардың дөңбек бастарының аралығында диаметрі 110 мм дейін құбырлар үшін 0,5 мм және үлкен диаметрлілері үшін 0,7 мм асатын саңылаулар болмау керек.

Кең қонышты пісіруде құбыр ұштарында құбырдың қабырғасы қалыңдығының $1/3$ 45° бұрышпен кесілген қиғаш кесігі (фаскасы) болу керек.

9.5.4 Құрастыру жағдайларында құбырларды түйістіріп пісіруді пісірудің берілген параметрлерінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін (қыздыратын элементтің бет температурасы және оның ауданы бойынша температураның біркелкі таралуы, ортаға келтіру дәлдігі, дөңбек ұштардың дайындық сапасы) қондырғыларында өндіру керек. Басқа да бірдей жағдайларда негізгі процестер автоматтандыру жүйесімен және пісірудің технологиялық процесін тіркеп компьютерлік бақылаумен жабдықталған құралдарға артықшылық беру керек.

Түйіскен жылылық пісірумен құбырларды құрастыру процесінің жүйелілігі және түйіс пісіруі 5-суретте келтірілген.



5-сурет. Түйіскен жылылықпен құбырларды құрастыру процесінің жүйелілігі және ұласқан пісіруі а-пісірілетін құбырлардың ұштарын пісіретін машинаның қысқыштарында ортаға дәл келтіру және бекіту; б-шетжак (1) арқылы құбырлардың шетжак ұштарын механикалық өңдеу; в - саңылау шамасы (с) бойынша шетжак ұштарының дәл келу дәлдігін тексеру; г-қыздырылған құрал арқылы (2) пісірілген шетжак ұштарды қыздыру және балқыту; д- түйісті отырғызу

9.5.5 Түйіскен ұласқан пісіруде пісіру машиналары мен жинақтау құрылғыларын қолдана отырып келесі операцияларды орындау керек:

- құбырды қысып ортаға дәл келтіретін құрылғыға орнату және ортаға дәл келтіру;
- құбырларды механикалы шетжақтау және шетжақ бастарының майын кетіру;
- пісіретін беттерді қыздыру және қорыту;
- пісіру қыздырғышын алыстату;
- қысым астында қыздырылған пісірілетін беттерді (отырғызу) қосу;
- қысым астында пісірілген жікті суыту.

9.5.6 Түйіскен пісіру процесінің негізгі бақыланатын параметрлеріне мыналар жатады: қыздырғыш жұмыс беттерінің температурасы және оның беті бойынша температураның біркелкі таралуы, қыздыру ұзақтығы, балқыту тереңдігі; балқытқанда және отырғанда ұласқан қысымдардың шамасы. Пісіруден кейін ішкі және сыртқы граттың (белдіктердің) биіктігі

h құбыры қабырғасының қалыңдығы S 5 мм дейін болғанда 2-2,5 мм артық болмау және қабырғалар қалыңдығы 6-20 мм болғанда 3-5 мм артық болмау керек.

9.5.7 Түйіскен кең қонышты пісіруге келесі операциялар кіреді:

- жалғаулық бөлшек кең қонышының тереңдігіне және 2 мм қосылғанға тең құбырдың шетжақ ұшынан қашықтықта таңба салу;
- дорнаға кең қонышты орнату;
- қыздырғыш элементтің гильзасына құбырдың тегіс ұшын орнату;
- пісірілетін бөлшектерді берілген уақыт ішінде қыздыру;
- дорна мен гильзадан бөлшектерді бір мезгілде алу;
- балқытылған материал қатқанғанға дейін ұстап таңбаға дейін бөлшектерді өзара қосу.

Бөлшектер жалғасқаннан кейін бір-бірі туралы бөлшектерді пісіруде бұруға рұқсат етілмейді. Әр пісіруден кейін жұмыс беттерді жабысқан материалдан тазарту керек. Пісірілетін бұйымдардың жарым-жартылай қатуға дейінгі ұстау мерзімі қолданған материалға байланысты болады.

9.5.8 Пісірілген түйістерді таңбалауды пісіру қондырғысының ортаға дәлдегіш немесе жинақтау құрылғысының қысқыштарында түйістің суу процесінде екі диаметрльді карама-қарсы нүктелерде сыртқы граттың ыстық балқымасында операция аяқталған соң лезде өндіреді.

Түйістерді таңбалау үшін МСТ 2930 бойынша ПУ-6 не ПУ-8 типті белгілерді пайдалану ұсынылады.

9.5.9 Салма электрлік қыздырғыш элементтері бар жалғаулық бөлшектер арқылы пісіруді қабырға қалыңдығы қалай болса да диаметрі 20-дан 500 мм дейін пластмасса құбырларды қосу үшін және тағы құбырға ершік бұруларды пісіру үшін қолданады.

Салма қыздырғыштары бар муфталармен пісіруді өндіру мыналар үшін ұсынылады:

- ұзын өлшемді құбырларды қосу;
- қабырға қалыңдығы 5 мм кем құбырларды қосу;
- қосылыс жағдайларда құбырларды жөндеу.

Салма қыздырғыштары бар жалғаулық бөлшектерді қолданып құбырларды пісіруді минус 5 °С төмен емес температурасында өндіреді.

Ауа температурасы басқа болғанда пісіру жүргізу қажет болған жағдайларда жұмыстар пісіру аймағын жылытуды қамтамасыз етіп қорғайлайтын паналарда (шатырларда, палаткаларда) орындалады. Пісіру орны ылғал, құм, шаң және т.с әсерінен қорғалады.

9.5.10 Салма қыздырғыштары бар муфталар арқылы құбырларды қосу технологиялық процесіне кіретіндер:

- құбыр ұштарын дайындау - ластанудан тазалау, белгілеу, пісірілетін беттерді механикалық өңдеу (циклдеу) және оларды майдан тазарту. Құбырлардың тазаланатын

ұштарының жалпы ұзындығы пісіру үшін қолданатын муфталар ұзындығының 1,5 кем болмау керек;

- түйісті құрастыру (бір мерзімде муфтаны отырғызып орта дәлдегіш құрылғысының қысқыштарында пісірілетін құбырлардың ұштарын орнату және бекіту);


- пісіру аспабына қосу;

- пісіру (пісіру процесінің бағдарламасын беру, қыздыру, косуды суыту) 6-сурет бойынша.


Механикалық өңдеу алдында муфта ұзындығының 1/2 ұзындығына пісірілетін құбырлардың ұштарына өңдеу аймағын белгілеу үшін муфта отырғызу тереңдігінің белгілері қондырылады.

Құбырлар ұштарын механикалық өңдеу құбырдың белгіленген ұшының бетінен қалыңдығы 0,1-0,2 мм материал қабатын алудан және қабыршақтануды жоюдан тұрады. Құбырдың пісірілетін беттер мен кең қоныш бөлшектің аралығындағы саңылау 0,3 мм аспау керек.

Құбырлардың пісірілген беттері механикалық өңдеуден соң және муфталар осы мақсаттар үшін сүрту арқылы ұқыпты майдан тазаланады. Жеке герметикалы буып-түйіп жеткізілетін және тікелей құрастыру алдында ашылатын салма қыздырғыштары бар муфталар майдан тазалануға жатпайды.



6-сурет. Салма қыздырғышы бар муфтамен құбырларды пісіру 1-құбыр; 2- муфта отырғызу белгісі және құбыр бетін механикалық өңдеу; 3- муфта, 4- салма қыздырғыш; 5- ток жүргізетін(пісіру) сымдар.



7-сурет. Құбырларды түйістіргенде саңылау қондыру

9.5.11 Қабырғалар ұштарының перпендикулярлық шегі және олардың аралығындағы ең үлкен саңылау 2 және 3- кестелерде (7-суретте) келтірілген.

2-кесте - Құбырлар ұштарының перпендикулярлық шегі

Сыртқы диаметрі, мм	20	32	40	63	90	100	125	160	200
a	2	2	2	2	4	5	6	7	8

3-кесте - Екі құбыр аралығындағы максимальды мүмкін саңылау

Сыртқы диаметрі,	20	32	40	63	90	110	125	160	200
------------------	----	----	----	----	----	-----	-----	-----	-----

мм									
е	*	*	*	7	9	11	13	16	20

Ескерту - *Диаметрлері 20, 32, 40 мм муфталардың ішкі қуысында пісірілген құбырлардың ұштарын тіреу үшін технологиялық орталық тізбекше ескеріледі.

9.5.12 Құрастыру процесіне мыналар кіреді:

- муфта мен құбырдың шетжақ ұштары беттестенгенше бірінші құбырдың ұшына муфтаны кіргізу. Құрастыру құрылығысының қысқашында құбырдың ұшын бекіту;
- бірінші құбырдың дөңбек ұшына тіреп екінші құбырдың ұшын орнату және жинақтау құрылығысының қысқашында бекіту;
- құрылығ қысқашындағы тіреуге дейін немесе құбырға түсірілген белгіге дейін муфтаның 1/2 ұзындығына екінші құбыр ұшына муфтаны жылжыту;
- пісіру аспаптарынан ток жүргізетін сымдарды муфтаның клеммаларына қосу.

Құбыр ұшына муфтаны кигізуді немесе муфтаға құбыр ұшын енгізуді салма қыздырғыштарын (сым электр серіппесін) бұзылудан сақтау үшін көп күш салмай сақтықпен, қиғаштанусыз және бұраусыз өндіреді.

Құрастырылған құбырлар иіліссіз тура сызықты және салбыраусыз үйіледі, муфтаның ток жүргізетін клеммалары емін-еркін жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жағдаймен орналастырылады. Пісіру тәртіптерінің параметрлерін муфтаның түржиынына байланысты пісіру аппаратында анықталады немесе муфтаның штрихты кодыннан, немесе пайдаланатын муфталар мен пісіру аппараттар түріне байланысты бергіш арқылы магниттік карточкасынан салыстырылып оқылады. Аппаратты қосқан соң пісіру процесі автоматты тәртіпте жұмыс істейді. Қыздыру аяқталған соң пісірме қосуын 20 мин. суығаннан кейін ауыстыруға болады.

9.5.13 Құбырларға ершік бұрмаларды пісіру келесі жүйелілікпен жүргізіледі:

- құбырда бұрма пісіретін орын белгіленеді;
- бұрма пісірілетін жерде құбыр беті тазартылады, сосын майы кетіріледі;
- бұрманың пісірілетін бетін, егер ол дайындаушымен тікелей құрастыру алдында ашылатын саңылаусыз жеке буып-түюмен жеткізілсе майдан тазаланбайды;
- бұрманы құбырға орнатады, сосын оған механикалық қысқаш арқылы бекітіледі;
- пісіру сымдарын ток өткізгіштің түйіскен клеммаларына қосып, пісіру жүргізіледі.

9.5.14 Суығаннан соң пісірілген бұрманың құбыршасы арқылы бұрма мен құбырдың ішкі қуыстарын қосу үшін құбырдың қабырғаларын бұрғылайды (фрезермен өңдеу).

9.5.15 Пісірме қосуларының сапасын бақылау нормативтік құжаттамаларға сәйкес жүргізіледі.

Салма қыздырғыштары бар муфталар мен бұрмалар арқылы орындалған пісірме қосуларының сапасын бағалау үшін муфталы қосулар сопаюға, ал ершік бұрмалар - үзілуге сыналады.

9.5.16 Пісірілмейтін полимер материалдарынан жасалған құбырлар, оның ішінде әйнек және базальт иілімділер, өзара және үлгілі бөлшектермен баса салынып желімденеді.

9.5.17 Желімденетін беттер арнайы механикалық өңдеуден өту керек, майдан тазаланып, желімдену керек. Желімнің құрамы не оның маркасы құбыр материалына сәйкес келу керек.

9.5.18 Желімді қосылыстардың пішін үйлесімі және өлшемдері пайдаланатын құбырлардың қызмет мерзімін және жинақтау жұмыстарының орындау технологиясын есепке алып орындалу керек.

9.5.19 Желім тәртібінде бетті әзірлейтін технологиялық процестер, ал қажет болған жағдайда желімдеу процестің өзін дайындау, қажет параметрлері көрсетілген қосуларды сынауға дейін уақыт кіретін желімдеу технологиясы көрсетілуі керек.

9.6 Құбырларды металл жалғаулық бөлшектермен қосу

9.6.1 Полимер материалдарынан жасалған пісіру не желімдеу арқылы қосылмайтын құбырларды қысқыш сақиналары, муфталары бар металл оймалы қосулар арқылы немесе жапқыш сомындармен өзара және жалғаулық бөлшектермен қосу керек.

9.7 Пісірме үлгілі бөлшектерді дайындау

9.7.1 Құбырлардан жасалған пісірме үлгілі бөлшектерді (бұрмалар, иіндер, үш тармақтар, айқаспалар және өткінші үш тармақтар) құю әдісімен дайындалған тиісті бөлшектер жоқ болғанда қолдануға рұқсат етіледі.

9.7.2 Полиолефиндерден жасалған құбырлар үшін үлгілі бөлшектерді түйіскен ұласқан пісірумен, ал ПВХ-дан жасалған құбырлар үшін газды шыбықты пісірумен дайындау керек.


9.7.3 Полиолефиндерден жасалған құбырлар үшін түйіскен ұласқан пісірумен бұрмалар, иіндер, үш тармақтар және айқаспалар дайындау технологиясына келесі операциялар кіреді. (9-сурет):

- дайындамаларға құбырлар кесу;
- ластанудан құбырлар ұштарын тазалау және ұштарын шетжақтау;
- пісіру (бұрмалар мен иіндерді);
- үшбұрыш ұшын кесу (үш тармақтар мен айқаспалар үшін);
- пісіру (үш тармақтар мен айқаспалар).

9.7.4 Түйіскен ұласқан пісірумен үлгілі бөлшектерді дайындау үшін бөлшектердің дұрыс өзара орналасуын қамтамасыз ететін арнайы жабдықтар мен құрылғылар қолдану керек, сонымен 9.5.3. - т. баяндалған талаптар сақталу керек.

Ұштарын шетжақтау үшін алмаспалы кескіштермен жабдықталған екі жақты фреза қолдану керек.


9.7.5 Үш тармақтар мен айқаспаларды дайындағанда пісірілген үшбұрыштың сүйір ұшын кесіп алуды және оған құбырды пісіруді немесе үшбұрыштарды өзара пісіруді алдыңғы пісірілген жік толық суыған соң жасаған жөн. Үшбұрыштың сүйір ұшын кескенде кесу сызығын балқытқанда және пісіргенде құбырлардың отыруын теңелту үшін үшбұрыш (10-сурет) сүйір ұшының жағына қарай осьтердің қиылысу нүктесінен 2-2,5 мм жылжыту керек.



8-сурет. Салма қыздырғыштары бар ершік бұрмаларды құбырмен пісіру


а-ершік қыздырғышы бар бұрма; б-айналма қыздырғышы бар бұрма; 1-құбыр; 2-бұрмаларды отырғызатын және құбыр бетін механикалық өңдеу таңбалары; 3-бұрма; 4-салма қыздырғыш; 5-жартылай қамыт; 6-бекіткіш бұрандалары;

F - бұрманы құрастырғанда және пісіргенде қысу күшінің бағыты.



9-сурет. Түйіскен ұласқан пісірумен үлгілі бөлшектер дайындау процесінің нұсқасы

а-бұрмалар мен иінділерді; б-үш тармақтарды; в-айқаспаларды.



10-сурет. Үшбұрыштар мен айқаспалар дайындағанда үшбұрыш сүйір ұшын кесу
1-кесу сызығы; 2-үшбұрыштың сүйір ұшы.

9.7.6 Пісірме бұрмалардың әдеттегідей бірден үшке дейін секторлар болу керек. Пісірме бұрманың қисықтық радиусы құбырдың сыртқы диаметрінің 1-1,5 құрау керек.

9.7.7 Полиолефиндерден жасалған құбырлар үшін өткінші үш тармақты тармақтың мойнына (сорумен қалыпқа құю әдісімен алынған) түйіскен пісірумен дайындайды.

Бұрманы мойынға оны қалыпқа құйған соң 8 сағаттан ерте емес уақытта пісіру керек.

Көрсетілген өткінші үш тармақтар тасымалданатын заттың температурасы 30°C артық болмағанда қолданылады.

9.7.8 Газды шыбық пісірумен ПВХ жасалған құбырлар үшін бұрмалар, иінділер, үш тармақтар және айқаспалар дайындау технологиясына мына операциялар кіреді:

- құбырларды дайындамаларға кесу;
- бөлшектерді пісіруге дайындау;
- газда шыбық пісіру.

9.7.9 Пісірме үлгілі бөлшектерді сынауға арнайы талап қойылғанда оларды сынау тәртібі барлық құбырларды сынау тәртіптеріне сәйкес келу керек.

9.8 Құбырдың ішкі тармақтарын жинақтау

9.8.1 Сумен жабдықтаудың ішкі жүйелерін құрастыру жұмыс өндірісінің жобасына және технологиялық карталарға сәйкес, ҚНЖЕ 3.05.01-85* талаптарын бұзбай оң температурада өндіру керек.

9.8.2 Құбырларды құрастыруды газ және электрмен пісіру жұмыстары аяқталған соң орындау керек.

9.8.3 Құрастырғанда әдеттегідей құбырлардың ірілендірілген тораптарын қолдану керек.

9.8.4 Құбырлардың және жалғаулық бөлшектердің ойма қосуларын реттеуші моменті бар кілттерді пайдаланып немесе қолмен орындау керек.

9.9 Ішкі канализация және суағарларды құрастыру

9.9.1 Канализацияның және суағарлардың ішкі тармақтарын құрастыру жеке құбырларды және жалғаулық бөлшектерді оларды орындары бойынша бекітуді де және ірілендірілген тораптарды да пайдалану арқылы және оның ішінде тазалық-техникалық кабиналарда жиналғандарды, кабиналардың тік құбырларын қабат аралық қоспалармен ілестіріп орындауға болады.

9.9.2 Тығыздағыш сақиналары бар кең қонышты қосылыстарды құрастырғанда келесі операциялар орындалады:

- бөлшектің тегіс ұшының сыртқы бетін немесе бөлшектің және кең қоныштың ішкі бетін ластанудан тазалау;

- тығыздағыш сақинаны ластанудан және майдан тазалау;

- тығыздағыш сақинаны кең қоныш науасына төсеу;

- құбырдың тегіс ұшын не жалғаулық бөлшекті және тығыздағыш сақинаны сабынның ерітіндісімен, глицеринмен немесе олардың қосындысымен (майлау үшін солидол немесе басқа да ұқсас майларды қолдануға рұқсат етілмейді) майлау;

- жиналған бөлшектерді айналдыру арқылы құрастыру сапасын міндетті түрде тексеріп және жинақтау қалпына қолмен қайтарып таңбаға дейін кең қонышқа тегіс ұшты енгізу.

9.9.3 Тік құбырларға және бұрма құбырларына тіреулер қамыттарын бекітуді оларды жобалық жағдайда тазалық аспаптармен қосқан соң өндіру керек.

9.10 Сумен жабдықтау және канализация жерасты тораптарын жинақтау

9.10.1 Сумен жабдықтау және канализация тораптарын салуды ҚНЖЕ 3.01.01-2002*-нің талаптарына сәйкес орындау керек.

9.10.2 Түбі бойынша ор ені құбырдың сыртқы диаметрінен 40 см кем емес артық болу керек. Құбырлар төсеу алдында орлар түбіне тығыз және қатты топырақтарда қалыңдығы 10 см кем емес құмнан төсем ескерген жөн.

Ұзын өлшемді құбырларды төсегенде және орларды тар қамтитын шынжырлы экскаватормен қазғанда ор енін азайтуға болады.

9.10.3 Құбырларды құрастыруды орындау керек: ор түбінде кең қоныш қосылыстармен; ажырамайтын қосылыстарды әдеттегідей ор жиегінде.

9.10.4 Құбырларды көмгенде құбыр үстіне қатты қосымшалар (қиыршық тас, тастар, кірпіштер және т.б.) болмайтын қалыңдығы 30 см кем емес құм не жұмсақ жергілікті топырақтан жасалған қорғау қабатын міндетті түрде құру керек. Құбырды топырақпен нығыздау қолмен, механикаландырылған емес құралмен өндіріледі. Ор қабырғасы мен құбыр аралығы қуыстарындағы топырақты және барлық қорғау қабатын тығыздау жобамен бекітілген тығыздық коэффициентіне жеткенше қолмен механикаланған тығыздағышпен өндіру керек. Тікелей құбыр үстіндегі қалыңдығы 10 см бірінші қорғау қабатын тығыздауды қол құрылыммен өндіріледі.

9.10.5 Қысымды құбырлардың кең қонышты қосуларын келесі технология бойынша орындайды:

- құбырдың тегіс ұшын ластанудан және майдан тазалау;

- кең қонышқа құбыр ұшын жылжыту тереңдігін белгілейтін таңбасын құбырдың тегіс ұшына түсіру;
- кең қоныш ойығына тығыздағыш сақинаны жайғастыру;
- құбырдың тегіс ұшын және тығыздағыш сақинаны майлау (глицеринді не сабынның ерітіндісі);
- таңбаға дейін кең қонышқа құбырлардың тегіс ұшын жылжыту.

Құбыр ұштарында зауыт жағдайында не жинақтау орнында орындалған 15 °С бұрышты қиғаш кесік (фаска) болу керек. Диаметрі 110 мм дейін кең қонышты қосылыстарды құрастыру қолмен жүзеге асырылады, диаметрі үлкен құбырлар үшін кергіш құрастыру құрылғылары пайдаланылады. Қосу құрастыруының және тығыздағыш сақинасын жайғастыру туралығын қалыңдығы 0,5 мм қуыс құлақпен тексереді.

9.10.6 Кең қонышты қосуларды құрастыруды сыртқы ауаның температурасы нөлден төмен болмағанда өндіру керек. Тығыздағыш сақиналар жинақтау жұмыстары басталғанша жылы бөлмеде сақталу керек.

9.10.7 Қуыстарды көмгенде және топырақтың қорғаныс қабатын жасағанда құбырлар қосулары герметикалыққа алдын ала сынаулар жүргізгенше көмілмей қалтырылады. Қуыстарды көму және шұңқырларда топырақты тығыздау механикалық тығыздағыштарды пайдаланып өндіріледі.

9.10.8 Құдықтарда тораптарды құрастыру құбырды төсеумен бір уақытта жүргізіледі. Құбырларды фланцеларға, тиек және реттеуші арматураға қосуды бұрандаларды тартпай құбырды топырақтың қорғау қабатымен көму алдында өндіріледі. Бұрандалы қосуларды ақырғы тарту тікелей жүйені гидравликалық сынау алдында орындалады.

10 ҚҰБЫРЛАРДЫ СЫНАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ТАПСЫРУ

10.1 ҚНЖЕ 3.05.04-85*-ке сәйкес сумен жабдықтау және канализациялық қысымды және қысымсыз құбырлар екі рет (алғашқы және соңғы) гидравликалық не пневматикалық тәсілмен беріктікке және тығыздыққа (саңылаусыздыққа) сыналады.

10.2 Орды көмуге және арматураны (гидранттарды, сақтық клапандарды, вантуздарды) орнатуға дейін орындалатын беріктікке сынағанда алғашқы сынау (артылған) гидравликалық қысымы 1,5 коэффициентіне көбейтілген есептік жұмыс қысымына тең болады.

10.3 Құбырдың осы учаскесінде орды көмгенге дейін және барлық жұмыстар аяқталған соң, бірақ гидранттар, сақтық клапандар және вантуздар орнатқанға дейін, олардың орнына сынау мерзімінде бұқтырмалар орнатылады, орындалатын тығыздыққа сынағанда соңғы сынау гидравликалық қысымы 1,3 коэффициентіне көбейтілген есептік жұмыс қысымына тең болады.

10.4 Құбыр ұштары бойынша және бұрмаларда тығыздағыш сақиналары бар кең қонышты қосулармен қысымды құбырларды сынауға дейін уақытша немесе тұрақты тіреулер жасау керек.

10.5 Қысымды құбырлардың алғашқы гидравликалық сынауын келесі тәртіппен өндіру керек:

- құбырды сумен толтыру және қысымсыз 2 сағат бойы ұстау;
- құбырда сынау қысымын жасау және оны 0,5 сағат бойы ұстау;
- сынау қысымын есептелгенге дейін төмендету және құбырды қарап тексеру.

Құбырды жұмыс қысымы астында ұстау 0,5 сағаттан кем емес өндіріледі. Құбырдың сырты деформациялануы нәтижесінде құбырда толық тұрақтандырылғанша сорғышпен суды бақылау арқылы сынау не жұмыс қысымын сүйемелдеу керек.

Егер сынау қысымының астында құбырлардың не түйістердің үзілуі (жарылуы), ал жұмыс қысымының астында көрнекі су ағуы табылмаса, құбыр алғашқы гидравликалық сынауға шыдады деп есептеледі.

10.6 Тығыздыққа ақырғы гидравликалық сынау келесі тәртіппен өндіріледі:

- құбырда есептік жұмыс қысымына тең қысым жасау керек және оны 2 сағат ұстап тұру керек, 0,02 МПа қысым құласа сорғышпен су басқылау керек;

- қысымды 10 мин артық емес мерзімде сынау деңгейіне дейін көтереді, сосын оны 2 сағат бойы ұстап тұру керек.

Егер сынау қысымында құбырдан судың ақиқат ағуы 4-кестеде көрсетілген мәндерден аспаса құбыр ақырғы гидравликалық сынауға шыдады деп есептеледі.

4-кесте - Саңылаусыздыққа ақырғы сынауларда ұзындығы 1 км құбыр учаскесінде судың мүмкін ағуы

Құбырлардың сыртқы диаметрі, мм	Құбырлар үшін мүмкін ағуы, л/мин	
	ажырамайтын (пісірме, желім) қосылыстармен	Тығыздағыш сақиналарды кең қонышты қосылыстармен
63-75	0,2-0,24	0,3-0,5
90-110	0,26-0,28	0,6-0,7
125-140	0,35-0,38	0,9-0,95
160-180	0,42-0,6	1,05-1,2
200	0,56	1,4
250	0,7	1,55
280	0,8	1,6
315	0,85	1,7
355	0,9	1,8
400-450	1,1-0,5	1,95-2,1
500-560	1,1-1,15	2,2-2,3
630	1,2	2,4
710	1,3	2,55
800	1,35	2,70
900	1,45	2,90
1000	1,5	3,0
1200	1,6	3,0

Өздігінен ағатын канализация жүйелерінің гидравликалық сынауларын құдықтарды су айыру жұмыстары аяқталған соң екі кезеңде орындайды: құдықсыз (алғашқы) және құдықтармен бірге (ақырғы).

10.8 Құдықтармен бірге канализациялық құбырлардың ақырғы сынауын ҚНЖЕ 3.05.04-85*-ке сәйкес өндіреді.

10.9 Ішкі құбырлардың полимер материалдарынан жасалған жүйелерінің гидравликалық сынауларын соңғы пісіру және желім қосылыстарын орындаған соң 24 сағаттан ерте емес қоршаған ортаның оң температурасында жүргізеді.

10.10 Ішкі суағар жүйелерінің гидравликалық сынаулары оларды тікқұбырларды барлық биіктігі бойынша сумен толтыру арқылы жүзеге асырылады. Сынауларды құбырлардың сыртын қарау және көрінген ақауларды жойған соң жүргізеді. Желімделген құбырлардың гидравликалық сынауын соңғы қосуды орындаған соң 24 сағаттан ерте емес бастайды. Егер құбырларды сыртынан қарағанда оны сумен толтырғаннан кейін 20 мин. өткен соң тесіктер не басқа ақаулар табылмаса және тік құбырларды су деңгейі төмендемесе суағарлар жүйесі сынауға шыдады деп есептеледі.

10.11 Полимер материалдарынан орындалған құбырлардың пневматикалық сынаулары оларды жерде және жер үстінде салғанда келесі жағдайларда өндіріледі: қоршаған ауаның температурасы 0 °С төмен; техникалық себептерге байланысты қолдануға болмағанда; сынаулар үшін су қажетті мөлшердегі су болмағанда.

Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың пневматикалық сынау тәртібі және сынаулардағы қауіпсіздік талаптары жобамен белгіленеді.

10.12 Диаметрі үлкен құбырлардан жасалған өздігінен ағатын канализациялық тармақтардың алғашқы және ақырғы сынауларын пневматикалық тәсілмен өндіруге рұқсат етіледі. Алғашқы сынауларды орды біржолата көмуге дейін жүргізеді (пісірме

қосуларды топырақпен көмбейді). Сығылған ауаның 0,05 МПа тең сынау қысымын 15 мин ішінде құбырды ұстап тұрады. Сонымен пісірілген, желімделген және басқа да түйістер қаралады және кірген ауаның дыбысы бойынша, сабын эмульсиясымен сыланған түйіс қосулары арқылы ауа шығатын жерлерде пайда болатын көпіршіктер бойынша тығыз емес жерлерді айқындап білу керек.

Пневматикалық тәсілмен соңғы сынаулар сыналатын құбырдың ортасында құбыр үстінде жерасты суларының деңгейі 2,5 м кем болғанда жүргізіледі. Соңғы пневматикалық сынауларға ұзындығы 20-100 м учаскелер тартылады, сонымен құбырдың ең жоғары және төмен нүктелері аралығындағы құлама 2,5 м аспау керек. Пневматикалық сынаулар құбыр көмілген соң 48 сағаттан кейін жүргізіледі. Сығылған ауаның сынау артылған қысымы 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте - Өздігінен ағатын канализациялық құбырларды пневматикалық сынағанда сығылған ауаның сынау қысымы.

Құбыр осінен жер асты суларының деңгейі h, м	Сынау қысымы, МПа		Қысым құла-масы, P-P ₁ , МПа
	алғашқы артылған P	соңғы P ₁	
A=0	0,01	0,007	0,003
0<Л<0,5	0,0115	0,0124	0,0031
0,5<И<1	0,021	0,0177	0,0033
1< Л<1,5	0,0265	0,0231	0,0034
1,5< Л<2	0,032	0,0284	0,0036
2< И<2,5	0,0375	0,0338	0,0037

10.13 Құбырларды пайдалануға қабылдауды “Қазақстан Республикасындағы салынған объектілерді қабылдау жөніндегі қабылдау және жұмысшы комиссияларының өкілеттіктерін, міндеттемелерін, сондай-ақ міндетті құрамын белгілеу туралы ережелер” ҚНЖЕ 3.01.04-87 және ҚНЖЕ 3.05.04-85*-тің негізгі ережелерін басшылыққа алып жүргізу керек. Сумен жабдықтау және қысымды канализациялық құбырларды сынағанда және оларды пайдалануға бергенде:

- жасырынды жұмыстарға актілер (негіз, тіреулер және құбырлардағы құрылыс құрылымдары және т.б. бойынша);
- құбырларды және элементтерді сыртқы қарау актілері (тораптар, құдықтар және т.б.);
- құбырларды беріктікке және тығыздыққа сынаулар актілері;
- құбырды жуу және дезинфекция жасау актілері;
- орындалған жұмыстардың жобаға сәйкес келуін анықтау;
- құбырлар мен жалғаулық бөлшектер сапасының кіріс бақылауының актілері жасалу керек.

10.14 Жасырынды жұмыстарды қабылдау және құбырларды сынау мен сыртқы қарау актілерін тексеруден басқа қысымсыз құбырларды қабылдау турашылдығын тексерумен, сондай-ақ құдықтардағы науаларды аспаптық тексерумен қоса орындалу керек.

Ішкі құбырларды қабылдағанда қосымша полимер құбырлары, жалғаулық бөлшектері мен арматураға паспорттарды не сертификаттарды тексеру жүргізіледі.

11 ПОЛИМЕР МАТЕРИАЛДАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАРДЫ ЖИНАҚТАҒАНДА ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

11.1 Қауіпсіздік техникасының жалпы талаптары ҚР ҚНЖЕ 1.03.05-2001-де көрсетілген, бұдан басқа осы тараудың талаптарын орындау керек.

11.2 Пісіру жабдықтарын және электр өткізгіштердің оқшаулауын, құбырлар ұштары мен дөңбек бастарын механикалық өңдеуге арналған құрылғылардың жұмыс

істеуін қарау және бақылау қажет. Тексеру нәтижелері жабдықтардың паспорттық мәліметтеріне сәйкес келуі керек.

11.3 Техникалық қарауды жұмыс өндірісінің журналында тексеру нәтижелерін тіркеп айында бір реттен кем емес жүргізу керек.

11.4 Пісіру тәртіптері параметрлерінің мәні полимердің әр түрі үшін технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес болуы керек.

11.5 Полимер материалдарынан жасалған құбырлардың құрылысында пісіру-құрастыру жұмыстарының өндірісіне арнайы бағдарлама бойынша теориялық және практикалық оқу өткен және арнайы бағдарлама бойынша тексеру түйістерін пісірген пісірушілер қатысуға рұқсат беріледі.

11.6 Құбырлар сақтау және құрастыру барысында қоршаған ортаға уытты заттар шығармайды және тікелей жалғасқанда адам организміне әсерін тигізбейді. Құбырлармен жұмыс істегенде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Өрт басталғанда және құбырлар жана бастағанда оларды келесі өрт сөндіру құралдарымен сөндіру керек: сулағышы бар шашыраңқы сумен; от сөндіретін құралдармен: қостотық көміртек, көбік, от сөндіретін ұнтақ ПФ, құм, киіз. Өртті МСТ 12.4.121 бойынша В маркасының газтұмшдырықтарымен сөндіру керек.

11.8 Құбырлардың гидравликалық және пневматикалық сынауларын оларды сенімді бекіткен және олардың ұштарына және бұрылыстарында тіреулер орнатқан соң өндіру керек.

11.9 Құбырларды құрастыру және сынау кезінде оларға сатылар, басқыштар сүйеуге, құбыр бойымен жүруге рұқсат етілмейді.

Балғамен құбырларды тарсылдатуға немесе оларды ор қабырғаларынан не құрылыс құрылымдарынан тартуға рұқсат етілмейді.

12 ПОЛИМЕР МАТЕРИАЛДАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

12.1 Полимер құбырлары мен жалғаулық бөлшектерін көліктің осы түріне әрекеттегі жүктерді арту және бекіту техникалық шарттарына, жүктер тасымалдау ережелеріне және жүктің механикалық бұзылуынан сақтау бойынша шарттармен қамтамасыз етілетін жағдайда жеткізушінің техникалық талаптарына сәйкес көліктің қай түрі болса да тасымалдауға болады. Тасымалдаумен байланысты барлық жұмыстарды тиісті мөлшерлік құжаттарда көрсетілген қоршаған ауаның температурасы төмен болмағанда өндіру керек.

12.2 Полимер материалдарынан жасалған құбырларды оларды дайындауға арналған мөлшерлік құжаттарға сәйкес бухгалтерға немесе орауыштарға орап, жеке байламдарға буып-түю не үлкен диаметрі жеке құбырлармен сақтау және тасымалдау ұсынылады.

12.3 Құбырлар мен бөлшектерді артып-түсіргенде, әсіресе ауа температурасы сол және нөлге жақын болғанда соққылар мен механикалық бүлінуден сақтау үшін күтімді болу керек.

12.4 Құбырларды қоймаларда сақтағанда мөлшерлік құжаттарда көрсетілген шарттар сақталуы керек, сонымен құбырлар қатарының биіктігі болуы керек:

- құбырларды 2 айдан астам сақтағанда - 2 м биік емес;
- 2 айға дейін сақтағанда - 3 м биік емес;
- НПВХ жасалған құбырлар үшін 13, 6, 17, 21 SDR белгісі барларға - 5 м биік емес, 26, 33, 41 SDR белгісі барларға - 3 м биік емес.

Орауыштарға оралған құбырларды тек вертикаль қалпында сақтауға рұқсат етіледі. Жалғаулық бөлшектерді сақтау тек буып-түйілген қалпында жүзеге асырылуы керек.

Құбырлар мен жалғаулық бөлшектерді механикалық бұзылудан, деформацияланудан, оларға мұнай өнімдері мен май тиюден, ішкі беттерін ластанудан, күн сәулесі түсуден бұзылмаушылығын қамтамасыз ету керек.

12.5 Құрастыру кезеңінде құрылыс алаңшасында құбырлар мен бөлшектерді сақтау мерзімі ең аз болу керек.

1-қосымша
(анықтама)

**ҚҰБЫРЛАР МЕН ЖАЛҒАУЛЫҚ БӨЛШЕКТЕР ӨНДІРГЕНДЕ
ҚОЛДАНАТЫН КЕЙБІР ПОЛИМЕР
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ФИЗИКА-МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

Көрсеткіш	Материал үшін көрсеткіш шамасы							
	ПЭ 63	ПЭ 80	ПЭ 100	ПВХ	ПП	Тігілген полиэтил ен	Хлорланғ ан ПВХ	Әйнек пластик
Тығыздық, г/см ³	0,94-0,96	>0,93	>0,95	1,4	0,91	0,93-0,95	1,57	1,6-2,2
Созылудағы аққыштық шегі, МПа	20-25	15-22	25	50-56	25-28	18-26	50-55	40-200*
Үзілудегі ұзаруы, %	800	>800	>600	50	>200	200-500	70-120	0,4-1,4
Серпімділік модулі, МПа	800	800	840	3000	1200	550-800	2900	5000- -25000**
Жылылық ұзындық ұлғаю коэффициенті, 10 ⁻⁴ · °C ⁻¹	2	2	1,3	0,7	1,5	1,2-1,4	0,62	0,18-0,3
Есептік беріктік (MRS), МПа	5-6,3	8	10	10-12,5	5-6,3	6,3	10	10-30**

Ескертулер

1* Фенолформальдегидті, полиэфирлі және эпоксид шайырлары үшін.

2** Осьтік бағытта.

3 Кестеде келтірілген мәліметтер анықтама ретінде, полимер материалдарының физика-механикалық қасиеттерін дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасы бойынша анықтау керек.

2-қосымша
(анықтама)

ПОЛИМЕР МАТЕРИАЛДАРЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР ЖІКТЕУІ

2.1 Қазіргі уақытта халық аралық жіктеу бойынша құбырларды таңбалау «SDR» мен «S» серияларының стандарттық қатынасы бойынша өндіріледі, олардың мәндері мына формулаларымен анықталады:

$$SDR = \frac{D}{s}, \quad (2.1)$$

$$S = \frac{SDR - 1}{2}. \quad (2.2)$$

2.2 Әрекеттегі нормативтік құжаттар қысымды құбырлар үшін құбырлардың сыртқы диаметрі мен қабырға қалыңдығының ара қатысын максимальды жұмыс

қысымына: 0,25; 0,32; 0,4; 0,6; 1; 1,6; 2; 2,5 МПа байланысты мына формуламен анықтайды:

$$p = \frac{2[\sigma]s}{D_c - s} \quad (2.3)$$

мұндағы p - Максимальды жұмыс қысымы (MOP), МПа;

D_c - құбырдың сыртқы диаметрі, м;

s - құбыр қабырғасының қалыңдығы, м;

$[\sigma]$ - ұзақ беріктік шартынан есептік беріктік, МПа.

Максимальды жұмыс қысымы « S » және « SDR » мына қатынасқа байланысты

$$p = \frac{2[\sigma]s}{D_H - s} \quad (2.4)$$

мұндағы MRS - минимальды беріктік, МПа;

